



## БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ПРОГРЕССИВТІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НЫҒАЙТУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ



Парламент Сенатының кезекті отырысында депутаттар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен әзірленген рақымшылық туралы заңды және оған ілесіп бірқатар заңнамалық түзетулерді мақұлдады. Сонымен қатар халықаралық келісімдер ратификацияланып, энергетика, цифрландыру, әскери қызмет, машина жасау, көлік және қоршаған ортаны қорғау салаларына қатысты маңызды заңдар қабылданды. Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаевтың айтуынша, қабылданған заңдар жаңа Конституцияның гуманистік қағидаттарын іске асыруға бағытталған маңызды шешімдердің бірі.

(Жалғасы 3-бетте)

## СҮХБАТ

Түркістан облысы, Төлеби аудандық сотының төрағасы Ғани Байарыстанның ұйымдастыруымен аудандық Жастар ресурстық орталығының ғимаратында «Заң мен тәртіп – қоғам тірегі» тақырыбында маңызды кездесу өтті. Аудан өкімінің орынбасары Б.Жанғазиев, аудандық мәслихат төрағасы Н.Қойбағаров, аудан прокуроры Д.Аянұлы, ұлттық қауіпсіздік бөлімінің басшысы С.Жайлаубаев және құқық қорғау саласының өкілдері, билер, ақсақалдар, аналар кеңесінің мүшелері және жастар қатысқан кездесудің мақсаты – қоғамдағы құқықтық мәдениетті нығайту, азаматтардың заңға деген құрметін арттыру және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету болды. Кездесуден кейін сот төрағасы Ғани Доғдырбайұлын өңгімеге тартқан едік.

**Ғани БАЙАРЫСТАН,**

Түркістан облысы, Төлеби аудандық сотының төрағасы:

## «ЗАҢҒА БАҒЫНУ – МІНДЕТ, ҚҰРМЕТТЕУ МАҢЫЗДЫ»

– Бүгінгі жиынды ұйымдастыруға не түрткі болды?

– Президент ұсынған «Заң мен тәртіп» қағидасы – Әділетті Қазақстанды құрудың, құқықтық мемлекет пен ұлттық қауіпсіздіктің іргетасы деп айтуға болады. Бұл идеология заң үстемдігін қамтамасыз етіп, мемлекеттің дамуын, азаматтардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатын арттыруды көздейді. Құжатта халықтың жүріс-тұрысына, мәдениетіне заңмен баға беру, адал азаматқа керек дүниелер мольнан қамтылған. Заң бұзған адамның жазасыз қалмауы, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету үшін барлық мемлекеттік органдар бірлесіп отырып жұмыс атқаруы өте маңызды.

Қазіргі қоғамда адал азаматтың шынайы бейнесін қалыптастыру маңызды міндеттердің бірі саналады. Ал адал азамат дегеніміз кім? Ол – білімді, құқықтық тұрғыда сауатты, заңды құрметтейтін, отан алдындағы жауапкершілікті сезінетін, дәстүр мен салтты, салауатты өмір салтын ұстанатын озық ойлы, бір сөзбен айтқанда өзгелерге үлгі бола алатын азамат. Барлық азамат заң мен тәртіпке бағынса, құрметтесе

екең дейміз. Көпшілік азаматтар камерадан қорыққаны үшін, яғни айыппұл келмесе деген оймен ғана құқықбұзушылықтан бойын алшақ ұстауға тырысады. Бірақ, адал азамат камера жоқ жерде де заң мен тәртіпке бағынады, заңды құрметтейді. Бұл әрбір азаматқа керек дүние. Бүгінгі өткізген іс-шара осы мақсаттарды қамтыды.

Жиын барысында құқықтық тәртіпті сақтау, құқық бұзушылықтың алдын алу, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру және жастар арасында заңға құрмет мәдениетін қалыптастыру мәселелері кеңінен талқыланды. Аудандық Мәдениет үйінің қызметкерлері құқық бұзушылықтың салдары мен адам тағдырына әсерін бейнелейтін «Мен қателестім» атты сахналық қойылымды көпшілік назарына ұсынды. Тағылымы мол қойылым көрермендерді терең ойға жетелеп, заң талаптарын сақтаудың маңызын көркем түрде жеткізе білді. Сонымен қатар, құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған арнайы бейнероликтер көрсетіліп, қатысушыларға тәрбиелік мәні зор ақпараттар ұсынылды.

(Жалғасы 4-бетте)

## ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

**Жомарт СМАҒҮЛ,** отандық кәсіпкер:

## «ТУРИЗМ МӘДЕНИЕТІ ТОЛЫҚ ҚАЛЫПТАСҚАН ЖОҚ»


– Жомарт Ержанұлы, Райымбек ауданында жастардың туризм саласына бет бұрғаны көңіл қуанып отыр. Бұл салаға келуіңізге не түрткі болды?

– Жалпы, қаражаты бар кез келген адам демалыс орнын сала алады. Бірақ соған сай сервисті екінің бірі ұсына алмайды. Оған туризм саласында қызмет көрсететін кәсіби мамандардың тапшылығы өз әсерін тигізуде. Сол себепті, әркім бұл тығрықтан өзінше шығуда. Мәселен, менің жұмыс күшім студенттер. Олардың сабақтарын бітіргенін, емтихан тапсырғандарын күтіп, тілеуін тілеп жүреміз. Сосын біз біраз жыл мал баққан елміз ғой. Малды ұрсаң да, ұрысаң да болады. Бірақ қонаққа бұл мінезінді көрсете алмайсың. Оған «сіздікі дұрыс, қателіктерді оналтамыз, жөндейміз, түзелеміз» деп қана жағасың.

Мен өзім табиғатты жақсы көрем. Сондықтан оның тазалығын сақтау үшін темекінің тұқылынан бастап, әрбір қоқысты өзім терем. Нарынқол өңірінде туып, қазақ үйде өскен және әлі күнге қазақ үйде тұратындықтан туған жерімнің ғажайып сұлулығын бүкіл елге таныстыруға серпін беру үшін осыдан 6 жыл бұрын осы кәсіпті бастағанда маған ешкім сенген жоқ. Өзге тұрмақ туысқандарым да, ауылдастарым да бұл жерге қонақтың келетініне күмәнмен қарады. Шүкір, осы аз уақытта 6 мың қонақ біздің қызметімізді пайдаланып, ризашылығын білдірді.

– Туризм десе елдің бәрі мәселені инфрақұрылымға әкеп тіреп жатады. Сіз де соның бәрін өз басыңыздан өткізген боларсыз?

– Иә. Біз де су жоқ жерге су, жол жоқ жерге жол, электр қуаты жоқ жерге энергияны, интернет жоқ жерге интернетті әкелдік. Қазір түсініп жатырмын қала, ауыл салу деген оңай шаруа емес екен. Өйткені өзім соның бәрін басымнан кешірдім. Біз бұл жерге миллион доллар қаржы жұмсадық. Осы кәсіпті бастағанда несиеді доллармен алғанбыз.



2-БЕТ

«Тіл бірлігі болмаса,  
пікір бірлігі  
болмайды»




5-БЕТ

Айбарлы  
Алтын Орда  
нағыз мұрагер жұртына  
оралды



8-БЕТ

Пластикалық  
отаның пайдасы  
қандай, зияны  
неде?



Ол кезде доллар бағамы басқа еді. Сондай-ақ бұған есепсіз, тек туған жерде туризмді дамыттайық деген намыспен кірдік. Білім де болған жоқ. «Көш жүре түзеледі» дейді ғой. Бәрі ақырындап түзеліп, әрбір қонағым менің ұстазым болды. Солардың ақыл-кеңестерінің арқасында осындай деңгейге жеттім.

– Шетелдік туристердің бұл жерге деген қызығушылығын қалай қалыптастырдыңыз?

– Бастапқы кезде бізге шетелдік туристер өте аз келетін. Негізі еуропалықтар адам аяғы баспаған, жолы нашар жерлерді ұнатады. Өйткені, олардың да таулары керемет. Жолы жасалған, инфрақұрылымы қалыптасқан. Алайда олар тыныштықты қалағандықтан ешкімнің аяғы жетпеген, көркі көзтойғысыз ерекше көлдерге барғысы келеді.

(Жалғасы 6-бетте)

**КНЕ**

Еліміздің тәуелсіздік алуымен бірге қазақ тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болды. Қазақ тіліміз дамып, оның қоғамдық маңызы арта түсті. ҚР «Тіл туралы» заңының 4-бабында «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі» делінген.

## «ТІЛ БІРЛІГІ БОЛМАСА, ПІКІР БІРЛІГІ БОЛМАЙДЫ»

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылатын тіл болғандықтан, жүргізілетін барлық іс-қағаздары мен құжаттар мемлекеттік тілде болуы тиіс. Өйткені өркениетке құлаш ұратын елдің өрісі қашанда білікті де, саналы ұрпақпен кеңеймек.

Қазақ тілінің мемлекеттік органдардағы қолдану үлесін сөз еткенде, сот саласын атап өту мүмкін емес. Бүгінгі сот жүйесінде ана тіліміздің үлесі көңіл қуантарлық. Атап айтар болсақ, сот өндірісіндегі кіріс-шығыс хат-хабарлар мемлекеттік тілде жолданады. Соттың ресми сайты қазақ және орыс тілдерінде, ал, ішкі құжат айналымы қазақ тілінде жүргізіледі. Бұл көрсеткіштер жыл сайын еселену үстінде. Сот қызметкерлерінің мемлекеттік тілді қаншалықты меңгергендігін әр жыл сайын өтетін тестілеу анықтап береді. Сонымен бірге, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, оны отбасы құндылығы ретінде қарастыруды көздейтін іс-шаралар тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Мұнан өзге мемлекеттік тілде рәсімделген сот актілерінің сапасына талдау жүргізіледі. Бір сөзбен айтқан-

да, тіліміздің сот жүйесінде қолданылу деңгейі жыл сайын артып келеді.

Қытай ойшылы Конфуций: «Егер де маған ел басқару мүмкіндігі туса, ең алдымен сол елдің тіл мәселесін қолға алар едім». Себебі тіл бірлігі болмаса, пікір бірлігі болмайды және идеология дұрыс жүргізілмейді. Идеология дұрыс жүргізілмей, ортақ түсінік таппаған елде бірлік болмайды. Сондықтан бәрінен де бұрын адамдар арасындағы бірлікті ұстап тұрған тіл мәселесі маңызды» деген екен. Сондықтан тіл мәселесі мемлекет үшін аса маңызды болып саналады. Мемлекеттік тілді жетік білу бүгінгі күні әр мемлекеттік қызметкердің Отан алдындағы міндетті борышы деп санаймын. Ендеше, тоқсан рулы елдің дауын тоғыз ауыз сөзбен түйіндеген ата-бабаларымыздың дәстүріне сай жүйелі сөйлей білсек, бәрімізге де абырой. Ең бастысы, тіліміздің мәртебесі асып, заман талабына сай жан-жақты дами түссе нұр үстіне нұр болар еді.

**А.ДҮЙСЕКОВ,**  
Қоқшетау қалалық Сот  
әкімшісінің басшысы

**АЙМАҚ АҚПАРАТ**

### Инвестициялық ынтымақтастық

**Батыс Қазақстан облысы әкімінің уақытша міндетін атқарушы Қалияр Айтмұхамбетов Германия Федеративтік Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулы Маттиас Кислермен кездесті.**

Кездесу барысында тараптар өзара тиімді әріптестікті дамыту, сауда-экономикалық байланыстарды нығайту, инвестициялық ынтымақтастықты кеңейту және бірлескен жобаларды жүзеге асыру перспективаларын талқылады.

Қалияр Айтмұхамбетов өңірдің инвестициялық және өнеркәсіптік әлеуетіне тоқталып, Батыс Қазақстан облысының тиімді географиялық орналасуы мен дамыған көлік-логистикалық инфрақұрылымы халықаралық сауда мен транзит үшін қолайлы жағдай қалыптастыратынын атап өтті. Өңір арқылы Ресей, Өзбекстан және Түрікменстан мемлекеттерімен байланыстыратын халықаралық автомобиль және теміржол дәліздері өтеді.

Аймақта мұнай-газ өнеркәсібі, машина жасау, құрылыс индустриясы және агроөнеркәсіп кешені қарқынды дамып келеді. Өнеркәсіп саласының өңір экономикасындағы үлесі 50 пайыздан асады. Басым салаларды дамыту мақсатында жалпы аумағы 281 гектарды құрайтын «Еуразия» индустриялық аймағы жұмыс істейді. Сонымен қатар биыл 800 гектар аумақтағы «Сырым» индустриялық аймағы мен 2,8 гектарлық шағын өнеркәсіптік аймақ құрылуда.

Тараптар Германия мен Батыс Қазақстан облысы арасындағы экономикалық байланыстардың оң серпінін атап өтті. 2025 жылдың қорытындысы бойынша өңір мен Германия арасындағы тауар айналымы 684,4 млн АҚШ долларын құрады. Оның ішінде экспорт көлемі – 646,2 млн, импорт – 38,2 млн АҚШ доллары.

Кездесу барысында өңірдегі қолайлы инвестициялық ахуалға ерекше назар аударылды. Соңғы үш жылда облыс экономикасына 2,3 трлн теңгеге жуық инвестиция тартылған. 2025 жылдың қорытындысында негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 874,5 млрд теңгені құрап, өсім 13,7 пайызға жетті. Ал 2026 жылдың алғашқы төрт айында бұл көрсеткіш 182,6 млрд теңгені құрады. Соңғы үш жылда өңірге 4,9 млрд АҚШ долларынан астам тікелей шетелдік инвестиция тартылып, облыс республикадағы жетекші өңірлердің қатарынан көрінді.

**А.МӘУЛЕНБАЙ**  
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

### Ауылшаруашылығы басты назарда

**Семейде ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Серік Жұманғариннің Абай облысына жұмыс сапары аясында ауыл шаруашылығы саласының өзекті мәселелеріне арналған кеңес өтті.**

Жиынға ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер, бизнес өкілдері, салалық министрліктер мен қаржы институттарының өкілдері қатысты. Кеңесте сөз сөйлеген облыс әкімі Берік Уәли өңірдің агроөнеркәсіп кешені саласында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Облыста 2025 жылдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі алғаш рет 583,8 млрд теңгеге жетіп, екі жыл ішінде 1,4 есеге артты.

Облыстың қой шаруашылығын дамытуда 2026–2030 жылдарға арналған салалық бағдарламасы әзірленді. Бағдарлама аясында 300 мың бас асыл тұқымды аналық ұсақ малды сатып алу және 18 мың басқа арналған 3 бордақылау алаңын (Жаңасемей, Үржар, Ақсуат аудандарында) құру жоспарлануда.

Аймақта 2026–2028 жылдарға арналған 112,5 млрд теңгенің 19 инвестициялық жобасынан тұратын жол картасы бекітілген. Оны іске асыру нәтижесінде 849 жаңа жұмыс орны ашылады.

**Е.КЕБЕКБАЙ**  
АБАЙ ОБЛЫСЫ

**МӘЙЕК**

## ОРТАҚ МІНДЕТ

Мемлекеттік тіл – тәуелсіз еліміздің басты құндылықтарының бірі. Тіл – ұлттың жаны, тарихы мен мәдениетінің айнасы. Сондықтан қазақ тілінің қоғамдағы мәртебесін арттыру, оны күнделікті өмірде кеңінен қолдану әрбір азаматтың ортақ міндеті.



ҚР Конституциясында қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде бекітілген. Бұл оның қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылуына

құқықтық негіз қалайды. Бүгінде мемлекеттік тіл мемлекеттік басқару, білім беру, мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары және сот жүйесінде кеңінен

**ЭКОНОМИКА**

## МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТТАР ШАҒЫН КӘСІПТІҢ ТЫНЫСЫН АШАДЫ

Алматы қаласында 2026 жылы 24 маусым мен 8 шілде аралығында жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыруға арналған мемлекеттік гранттардың бірінші легіне өтінім қабылдау басталады. Бірінші кезеңде халықтың әлеуметтік осал санаттарына жататын азаматтарға 190 грант беру жоспарланған.

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында Алматы қаласы Еңбек мобильділігі орталығы директорының орынбасары Әділет Жанабаев мәлімдеді. Оның айтуынша, мемлекеттік гранттар Кәсіпкерлікті дамытудың ұлттық жобасы аясында жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін беріледі. Грант мөлшері 400 айлық есептік көрсеткішті (АЕК) құрайды.

«2025 жылы Алматы қаласының 433 тұрғыны мемлекеттік грантқа ие болды. Ал биыл тағы 380 азаматқа грант беру жоспарланып отыр. Бұл – кәсіп бастағысы келетін азаматтар үшін бастапқы капитал алып, өз ісін ашуға жақсы мүмкіндік», – деді спикер.

Грант алуға тіркелген жұмыссыздар, бір жылдан аспайтын мерзімде жеке кәсіпкер ретінде тіркелген азаматтар және халықтың әлеуметтік осал санаттарына жататын тұлғалар үміткер бола алады. Олардың қатарында атаулы әлеуметтік көмек алушылар, көпбалалы отбасылар, мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған отбасылар және асыраушысынан айырылуына байланысты жәрдемақы алушылар бар.

Бағдарламаға қатысудың міндетті шарттарының бірі – соңғы үш жыл ішінде алынған «Бастау бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздерін оқып аяқтағаны туралы сертификаттың болуы. Әділет Жанабаевтың айтуынша, грант қаражаты қайтарымсыз негізде беріледі. Оны қажетті құрал-жабдықтарды, аспаптарды, технологиялық құрылғы-

ларды, көшеттерді және бизнес-жобаны жүзеге асыруға қажетті өзге де ресурстарды сатып алуға пайдалануға болады. Ал қаражатты жеке тұтыну мақсаттарына, тұрғын үй немесе жер телімін сатып алуға, несие өтеуге немесе көлік сатып алуға жұмсауға болмайды.

«Бағдарламаның басты мақсаты – азаматтарға тұрақты табыс көзін қалыптастыруға және өз кәсібін дамытуға мүмкіндік беру. Грант иегерлерінің көпшілігі өз жобаларын сәтті жүзеге асырып, жаңа жұмыс орындарын ашып жатыр», – деді Еңбек мобильділігі орталығы директорының орынбасары.

Бағдарламаға қатысуға өтінімдер Электрондық еңбек биржасының порталы арқылы қабылданады. Құжаттарды тапсырғаннан кейін үміткерлердің бизнес-жобалары арнайы комиссияның отырысында қаралады. Іріктеу барысында бизнес-идеяның өміршеңдігі, экономикалық тиімділігі және даму әлеуеті ескеріледі. Спикердің сөзінше, алматылықтар арасында қызмет көрсету, өндіріс, қоғамдық тамақтандыру, шығармашылық және жартылай фабрикаттар өндіру салаларындағы жобаларға сұраныс жоғары.

Еңбек мобильділігі орталығында бұл бағдарлама өзін-өзі жұмыспен қамту мүмкіндіктерін кеңейтіп, қаладағы кәсіпкерлікті жаңа бастаған азаматтарды қолдауға оң әсер етеді деп есептейді.

**Аружан МАУЛЕНБАЙ,**  
«Заң газеті»

**БАҚЫЛАУ**

## БИЗНЕС ӨКІЛДЕРІ АЙЫППҰЛ АРҚАЛАУЫ МҮМКІН

Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың ғимараттар мен қызметтерге кедергісіз қол жеткізуіне жағдай жасамаған кәсіпкерлер мен мекеме басшыларына ірі көлемде айыппұл салынады. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Әлеуметтік қорғау саласын реттеу және бақылау комитетінің Алматы қаласы бойынша департамент басшысы Мұрат Мұратбеков мәлімдеді.



Оның айтуынша, қолданыстағы заңнамада мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімді орта қалыптастыру талаптарын орындамағаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Мемлекеттік мекемелердің лауазымды тұлғаларына 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады. Шағын бизнес субъектілері үшін айыппұл көлемі – 120 АЕК (519 000), орта бизнес үшін – 200 АЕК (865 000), ал ірі бизнес субъектілері үшін 400 АЕК-ке (1 739 000) дейін жетеді, – деді Мұрат Мұратбеков өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте. Ол бұл сомалардың айтарлықтай жоғары екенін атап өтіп,

кәсіпкерлердің қаржыны айыппұл төлеуге емес, нысандарды бейімдеуге жұмсағаны дұрыс екенін айтты. Кәсіпкерлер айыппұл төлегеннен кейін де заң талаптарын орындауға міндетті. Сондықтан бұл қаражатты бірден нысанды бейімдеуге жұмсаған әлдеқайда тиімді, – деді департамент басшысы.

Мұратбековтің сөзінше, талаптарды қайталап бұзу анықталған жағдайда айыппұл көлемі тағы да ұлғаяды. Мұндай жағдайда лауазымды тұлғаларға – 80 АЕК, шағын бизнес субъектілеріне – 150 АЕК (648 750), орта бизнеске – 250 АЕК (1 081 250) және ірі бизнеске – 600 АЕК (2 595 000) көлемінде айыппұл салынуы мүмкін. Оның айтуынша,

қолданылып келеді. Сот саласында мемлекеттік тілдің қолданылуы азаматтардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз етудің маңызды тетігі. Сот ісін жүргізу барысында мемлекеттік тілді дамыту мен қолдану заң талаптарын орындаумен қатар, халықтың сот төрелігіне деген сенімін нығайтуға ықпал етеді. Азаматтардың өз құқықтарын ана тілінде қорғауға және сот актілерін түсінікті тілде алуға мүмкіндігі болуы – құқық үстемдігінің көрінісі.

Мемлекеттік тілдің дамуы тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның қолдауына байланысты. Әрбір азамат қазақ тілін құрметтеп, оның қолданылу аясын кеңейтуге үлес қосқанда ғана тілдің беделі арта түседі. Әсіресе жас ұрпақтың мемлекеттік тілді жетік меңгеруі – еліміздің болашағы үшін маңызды.

Тіл – халықты біріктіретін рухани күш. Сондықтан мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған жұмыстар үздіксіз жалғасып, оның қоғамдағы рөлі одан әрі нығая беруі тиіс. Қазақ тілінің өркендеуі – Қазақстанның өркендеуімен тікелей байланысты.

**Алмажан ДҮЙСЕНОВА,**  
Ақтөбе қалалық соты  
әкімшісінің басшысы

**Аружан МАУЛЕНБАЙ,**  
«Заң газеті»

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ПРОГРЕССИВТІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НЫҒАЙТУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Президенттің тапсырмасына сәйкес әзірленген заңдар аясында рақымшылыққа жататын азаматтардың санаттары айқындалды, бірқатар сотталғандардың жаза мерзімі қысқартылды. Сонымен қатар еліміз тарихында алғаш рет әкімшілік рақымшылық институты енгізіліп отыр. Бұл – Ата Заңның адамгершілік және прогрессивті құндылықтарын нығайту жолындағы маңызды қадам, – деді палата спикері.

Мақұлданған заңдарға сәйкес қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тартылған азаматтардың жекелеген санаттарына рақымшылық жасалады. Заң аясында тоқтатылатын істердің түрлері, жазадан босатылатын адамдардың санаттары және жаза мерзімдерін қысқарту тетіктері нақты белгіленген. Сарапшылардың пікірінше, бұл бастама жазалау саясатынан гөрі азаматтарды қоғамға қайта бейімдеуге басымдық беретін құқықтық саясаттың жалғасы саналады.

Отырыста қаралған маңызды құжаттардың бірі – Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы мемлекеттік шекара режимі туралы келісім болды. Сенатор Дархан Қыдырәлінің айтуынша, екі ел арасындағы қарым-қатынас соңғы жылдары сапалық жаңа деңгейге көтерілді. Былтыр өзара сауда көлемі 16 пайыздан астам өсіп, 5 миллиард долларға жуықтаған. Қазіргі таңда өнеркәсіп, құрылыс, мұнай-газ химиясы, қаржы, логистика және туризм бағыттары бойынша жалпы құны 1,7 миллиард долларды құрайтын 78 бірлескен жоба

жүзеге асырылып жатыр. Сенатордың сөзінше, шекара режимін реттейтін жаңа келісім сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтуге, инвестициялық ынтымақтастықты дамытуға және өңірлік қауіпсіздікті нығайтуға қосымша құқықтық негіз қалыптастырады.

Сенат мақұлдаған маңызды заңдардың бірі әскери қызметшілердің құқықтық жағдайын жетілдіруге арналған. Жаңа құжат бойынша сөз алған сенатор Алишер Сатвалдиевтің айтуынша, заң әскери қызметшілердің әлеуметтік және құқықтық кепілдік-

терін кеңейтеді. Атап айтқанда, төтенше жағдайларды жоюға, терроризмге қарсы операцияларға және төтенше жағдай режимін қамтамасыз етуге қатысқан әскери қызметшілерге үш еселенген ақшалай төлем беріледі. Сонымен қатар 25 жылдан астам еңбек өтілі бар әскери қызметшілерге өз еркімен қызметтен шығу құқығы беріледі. Шетелдегі әскери өкілдіктердің мәртебесі нақтыланып, онда қызмет ететін әскери қызметкерлер дипломатиялық қызмет өкілдерімен теңестіріледі. Заңда әскери қызметшілерді іріктеудің

цифрлық рейтинг жүйесін енгізу және БҰҰ-ның бітімгерлік миссияларына қатысушыларды қаржыландырудың жаңа тетіктері де қарастырылған.

Сенат қараған заңдардың ішінде машина жасау өнеркәсібін дамытуға бағытталған түзетулер ерекше назар аудартады. Құжат жүйе құраушы кәсіпорындар төңірегінде қалыптасатын өнеркәсіптік кластерлердің мәртебесін нақтылап, мемлекеттік қолдау тетіктерін айқындайды. Сонымен бірге арнайы экономикалық аймақтардың жұмысын жетілдіру және дуальды білім

## Сіз не дейсіз?

Андрей ЛУКИН, Парламент Сенатының депутаты:

– Отан қорғаушылар күніне арналған сөзінде Мемлекет басшысы Қазақстан армиясы заманауи сын-қатерлер мен қауіптерге тиімді қарсы тұру үшін жоғары кәсіби, ұтқыр және ең күрделі міндеттерді орындауға дайын болуы керектігін атап өткен еді. Соңғы жылдары еліміздің қорғаныс әлеуетін нығайту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Қарулы Күштер жаңғыртылып, әскери қызметшілерді әлеуметтік қамтамасыз ету деңгейі артып жатыр. Қаралып отырған заңда әскери қызметшілерді әлеуметтік және құқықтық қорғаудың қосымша шаралары көзделген. Атап айтқанда, әскери қызметшілердің жекелеген санаттарына ақшалай жәрдемақы төлеу енгізіледі, азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселелері жетілдіріледі, әскери өкілдердің мәртебесі заңнамалық тұрғыдан бекітіледі, сондай-ақ кадрлық процестердің ашықтығы артады. Белгілі болғандай, Қазақстан – Біріккен Ұлттар Ұйымының мандаты негізінде дербес бітімгерлік миссияларды жүзеге асыратын ТМД кеңістігіндегі жалғыз мемлекет. Осыған байланысты БҰҰ бөлетін қаражатты бөлу тәртібін жетілдіру бітімгерлік қызметке қатысатын әскери қызметшілерге төлемдерді уақытылы жүргізуге мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы жағдайлар, қарулы күрестің жаңа нысандары мен тәсілдерінің дамуы әскери қызметшілердің кәсібилігіне жоғары талаптар қояды. Әскери қызметтің ерекше сипаты, өмірі мен денсаулығына төнетін қауіп мемлекет тарапынан лайықты қолдауды қажет етеді. Сондықтан заңда көзделген әскери қызметшілерді әлеуметтік және құқықтық қорғаудың қосымша тетіктері дер кезінде қабылданған әрі әділетті шара деп санаймын.



А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,  
«Заң газеті»

## ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

# ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМ ҚАФИДАТТАРЫ

Шымкент қаласындағы құқық қорғау органдары, білім беру ұйымдары, жергілікті атқарушы құрылымдар мен қоғамдық институттардың өзара іс-қимылы құқықтық мәдениетті қалыптастыруға, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және құқық бұзушылықтарға қарсы қоғамның мүлдем төзбеушілік ұстанымын орнықтыруға бағытталып отыр.



Шымкент шаһарында осы күні құқықтық мемлекеттің басты қағидаларының біріне айналған құқық бұзушылықтың кез келген түріне қарсы «нөлдiк төзімділік» мәдениетін қалыптастыруға ерекше назар аударылып келеді. Бұл тек құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі екенін уақыттың өзі дәлелдеп берді. Қоғамдағы тәртіп пен тұрақтылық әрбір азаматтың заңға құрметімен, қоғамдық қауіпсіздікке деген жауапкершілігімен өлшенеді.

## Балалардың қауіпсіздігі – мемлекет назарындағы мәселе

Құқықтық мемлекеттің ең маңызды міндеттерінің бірі – өскелең ұрпақтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету екені рас. Осы бағытта Шымкент қаласы Полиция департаментінің анықтау басқармасы «Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерін тасымалдау кезінде жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол-көлік оқиғаларының алдын алу» тақырыбында кеңейтілген жұмыс кездесуін

өткізген еді. Іс-шара барысында балаларды ұйымдасқан тәртеп тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік талаптарын сақтау мәселелері жан-жақты талқыға түсті. Кездесу барысында жүргізушілердің жауапкершілігін арттыру, қолданыстағы заңнама талаптарын түсіндіру, жол-көлік оқиғаларының алдын алу және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша нақты міндеттер белгіленді.

Жиынға прокуратура органдарының өкілдері, білім басқармасының мамандары, полиция қызметкерлері, мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары, сондай-ақ тасымалдаушы мекемелердің өкілдері мен жүргізушілер қатысты. Қатысушыларға балаларды қауіпсіз тасымалдауды қамтамасыз ету бойынша нақты ұсынымдар беріліп, профилактикалық жұмыстарды күшейту қажеттігі ерекше атап өтілді.

Бұл іс-шараның маңызы тек жол қозғалысы қауіпсіздігімен шектелмейтіні сөзсіз. Өйткені, бұл қоғамда заң талаптарын сақтау мәдениетін қалыптастырудың, азаматтардың жауапкершілігін арттырудың және құқық



бұзушылықтың алдын алудың нақты көрінісі болып табылады. Балалардың өмірі мен денсаулығы – мемлекеттің стратегиялық құндылығы әрі бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі болып қала бермек.

## Есірткі қылмысына қарсы күрес – кешенді күрес

Қоғамдық қауіпсіздікке қауіп төндіретін аса қатерлі әрі ең күрделі қатерлердің бірі – есірткінің заңсыз айналымы болып отыр. Бұл қылмыс түрі жеке адамның тағдырына ғана емес, тұтас қоғамның дамуына, жастардың болашағына және ұлттық қауіпсіздікке тікелей әсер етеді десек те артық айтпаспыз.

Мәселен, қалада Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы жүргізген жедел-профилактикалық іс-шаралар барысында синтетикалық есірткілерді таратумен айналысты деген күдікпен азаматша ұсталды.

Тексеру кезінде күдіктінің сөмкесінен жалпы салмағы екі келі болатын мефедрон салынған төрт пакет табылған. Сонымен қатар одан есірткі заттарын бөліп орауға арналған электронды таразы мен арнайы зип-пакеттер тәркіленген.

Жедел іс-шаралар жалғасын тауып, күдіктінің жалдап тұрған пәтеріне жүргізілген тексеру барысында әрқайсысының салмағы бес грамм болатын 32 орама синтетикалық есірткі анықталған. Аталған дерек бойынша қылмыстық іс

қозғалып, күдікті уақытша ұстау изоляторына қамалды. Қазіргі уақытта тергеу әрекеттері жүргізілуде.

Бұл бір ғана дерек құқық қорғау органдарының есірткі қылмысына қарсы күрестегі жүйелі әрі нәтижелі жұмыс жүргізуінің айқын дәлелі болмақ. Есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес, оны тарату арналарының жолын кесу және ұйымдасқан қылмыстық топтардың қызметін әшкерелеу бағытындағы жұмыстар тұрақты түрде жалғасып келеді.

## Қоғамның берік іргетасы

Сарапшылардың пікірінше, құқық бұзушылықтың алдын алуда жазалау шараларынан бұрын құқықтық тәрбиенің рөлі ерекше. Заңды білу, оған құрметпен қарау және құқықтық жауапкершілікті сезіну қоғамдағы тәртіптің негізгі кепілі саналады. Сондықтан бүгінде Шымкент қаласында құқықтық сауаттылықты арттыру, азаматтардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру және құқық қорғау органдарының қызметі туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде.

«Заң және тәртіп» қағидаты қоғамның барлық саласын қамтуы тиіс. Ол көшедегі қоғамдық тәртіптен бастап, отбасы құндылықтарын сақтау, жастар тәрбиесі, жол қозғалысы қауіпсіздігі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру, алкоголь мен темекі өнімдерінің зиянын түсіндіру, есірткіге қарсы иммунитетті күшей-

беру жүйесін дамыту шаралары көзделген. Маулен Әшімбаевтың пікірінше, қабылданған нормалар отандық машина жасау саласының бәсекеге қабілеттілігін арттырып, жаңа өндірістердің ашылуына мүмкіндік береді.

Сенат цифрландыру, дербес деректерді қорғау және көліктегі озық технологияларды реттеу мәселелеріне қатысты заңды да мақұлдады. Заң жол қозғалысы қауіпсіздігін цифрландыруға, жүргізушілерді даярлау сапасын арттыруға және ұлттық киберқауіпсіздікті күшейтуге бағытталған. Сонымен бірге телекоммуникация операторларының орталықтандырылған басқару жүйесіне қосылуы үшін қосымша шығындар қарастырылып отыр. Осыған байланысты Маулен Әшімбаев жаңа талаптардың интернет пен байланыс қызметтері тарифтерінің өсуіне себеп болмауы тиіс екенін ерекше атап өтті.

Сенаторлар жануарлар дүниесін қорғау, орман және аңшылық шаруашылығы салаларына қатысты заңдарды да мақұлдады. Құжаттарда аңшылық қағидаларын бұзғаны үшін жауапкершілікті күшейту, табиғатты қорғау талаптарын қатаңдату және қоршаған ортаға шығарылатын зиянды заттарға автоматтандырылған мониторинг жүргізу жүйесін енгізу көзделген. Жаңа нормалар өнеркәсіптік шығарындарға бақылауды күшейтіп, экологиялық ашықтықты қамтамасыз етуге бағытталған.

Сенаттың бұл жолғы отырысы заң шығару жұмыстарының ауқымдылығымен ерекшеленді. Рақымшылық туралы заңнан бастап халықаралық ынтымақтастық, қорғаныс, цифрландыру, өнеркәсіп және экология салаларына дейінгі маңызды мәселелер қамтылды. Қабылданған шешімдер азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейтуге, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосымша серпін беруге бағытталған.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,  
«Заң газеті»

ту сияқты аса маңызды бағыттарды қамтиды.

Әсіресе, жастар арасында құқықтық сананы қалыптастыру – стратегиялық маңызы бар міндет. Себебі құқықтық мәдениетті жоғары ұрпақ қана заңды құрметтейтін, әділеттілікті бағалайтын және қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінетін азамат болып қалыптасады.

Бүгінде құқық қорғау органдарының жұмысы тек құқық бұзушылықтарды анықтаумен ғана шектелмейді. Заманауи тәсілдердің негізінде профилактика, түсіндіру, қоғамдық серіктестік және азаматтармен ашық диалог жүргізу басымдыққа ие болып отыр. Бұл бағыттағы жұмыстар азаматтардың полицияға деген сенімін арттыруға, құқық қорғау және арнайы органдардың қоғам алдындағы ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, – дейді Шымкент қаласы полиция департаментінің бастығы Мұхтар Қожаев.

Жалпы, «Қауіпсіз қоғам» жобасы мен «Қауіпсіз ел» ұлттық жобасының негізгі мақсаты да осы – әрбір азамат өзін қауіпсіз сезінетін, заң үстемдігі орныққан, құқық бұзушылыққа жол берілмейтін орта қалыптастыруға бағытталғанын атап өткен жөн.

Шымкент қаласында жүзеге асырылып жатқан профилактикалық іс-шаралар, балалар қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған кездесулер, есірткі қылмысына қарсы күрес шаралары, құқықтық түсіндіру жұмыстары мен қоғамдық қауіпсіздікті нығайту бастамалары да осы мақсаттарға толық сәйкес келеді. Өйткені, қоғамдық тәртіпті сақтау – тек полицияның ғана емес, әрбір азаматтың борышы. Заңға құрмет, тәртіпке бағыну, құқық бұзушылыққа төзбеушілік және қоғамдық жауапкершілік қағидалары орныққан кезде ғана әділетті қоғам құру мүмкін болады. Сондықтан заң үстемдігін қамтамасыз ету, құқықтық сананы дамыту және құқық бұзушылыққа қарсы қоғамдық иммунитет қалыптастыру бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да өзектілігін жоғалтпайды. Өйткені, қауіпсіз қоғам – қуатты мемлекеттің, ал заңға құрмет – өркениетті ұлттың басты белгісі болып қала бермек.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ  
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

СУХБАТ

Ғани БАЙАРЫСТАН, Түркістан облысы, Төлеби аудандық сотының төрағасы:

# «ЗАҢҒА БАҒЫНУ – МІНДЕТ, ҚҰРМЕТТЕУ МАҢЫЗДЫ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Заң талаптарын сақтау – әрбір азаматтың міндеті ғана емес, елдің дамуы мен өркендеуіне қосылатын маңызды үлес екендігі айтылды. Әсіресе, жас ұрпақтың құқықтық санасын қалыптастыру, оларды жауапкершілікке тәрбиелеу және құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстардың маңыздылығына ерекше назар аударылды.

**– Қоғам ішінде қандай қылмыс түрлері алаңдаушылық тудырады?**

– Өкінішке қарай, жылдан жылға қылмыстың түрлері көбейіп барады. Әсіресе, жастар арасындағы нашакорлық, психотроптық заттарға құмарту, оған тәуелді болу белең алуда. Сарапшылардың айтуынша, құрамында есірткісі бар заттарды 5-6 рет қолданған адам біржолата тәуелділікке бой алдырады. Одан кейінгісі белгілі: денсаулық құриды, шаңырақ шайқалады, түрлі қылмыстарға аяқ басады, соңы – түрме. Лудомания да қауіпті дерттердің біріне айналды. Құмар ойынның салдарынан қылмысқа барып, отбасын ойран еткен жастар аз емес. Алаяқтық қылмыстардың да дені осы құмар ойынға құмартқандардың тарапынан орын алып жатады. Ұтылады, сосын ақша керек болады. Ақырында міндетті түрде қылмыс жасайды: ұрлайды, алдайды, тонайды, тағы басқа.

Нашакорлық, алаяқтық қылмыстар да жақсылыққа апарған емес. Әсіресе, елімізде онлайн алаяқтық өршіп барады. Дегенмен, бізде алаяқтық қылмыстарды аса көп деп айта алмаймын. Бұған ауданымыздың Шымкент қаласына жақын орналасқандығы себеп болып отыр деп ойлаймын. Алаяқтар адам көп шоғырланған жерді таңдайды. Өзім Шымкент қаласында судья болып жұмыс істегенде алаяқтық қылмыстардың өте көп орын алатынына куә болғанмын. Олардың көпшілігі «пәтер алып беремін, кредит алып беремін, жәрдемақы алып беремін, жұмыс тауып беремін» деген сияқты алаяқтықтарға барады. Халықтың да жиі алдануына бәлкім әлеуметтік жағдайдың төмендігі себеп болып жатқан шығар.

Көңілге кірбін түсірер ең келеңсіз көріністің бірі – алаяқтардың арасында әйел адамдардың көбейіп бара жатқандығы. Бұл – қасірет. Міне, біздің бүгінгі іс-шара өткізудегі негізгі мақсат та осы аталған қылмыстардың алдын алуға тейілеу тамағандай болса да үлес қосу еді. Оған білім, дін, құқық қорғау саласының қызметкерлерін, ауыл ақсақалдарын, билерін қатыстыруға, жұмылдыруға тырыстық. Жыныға қатысқандар өздерінің ортасында, отбасында осы мәселені айтса деген ұсыныс келтірдік.

**– Халықтың сотқа, құқық қорғау органдарының қызметіне деген сенімі өте маңызды. Қалай ойлайсыз, халықтың сеніміне селкеу түсіретін жайттар жиі орын ала ма?**

– Жасыратыны жоқ, қазір сенімсіздік деген мәселе жиі қозғалады. Оны әлеуметтік желіден оқып, көріп отырмыз. Бірақ, сол сенімсіздіктің дені кейде жағдайды біржақты саралаудан туындап жататынын да жоққа шығаруға болмайды. Мәселен, сотта дауласқан екі тараптың біреуі міндетті түрде ұтылады. Ұтылмаудың бір-ақ



жолы бар, ол – медиация, яғни тараптардың ортақ бітімге келуі. Бірақ, көпшілігі бітімге келе бермейді. Сотта ұтылған адам тарапынан әділетсіздік орын алды деген әңгіме тарайтыны түсінікті. Теріс пікір көбінесе осылай қалыптасады.

Жалпы алғанда, даудың көбіне өзара құқықтық қатынаста заң талаптарының орындалмауы, сақталмауы себеп болып жатады. Мысалы, қарыз бергенде, жер, автокөлік сатқанда заңды қадамдар жасала бермейді. Мысалы, көлікті сатқанда немесе пайдалануға бергенде аузыша келісіп, қолхатсыз, келісім-шартсыз беріп жібереді. Кейін көлікке қатысты әртүрлі жағдай болуы мүмкін. Бұзылады, бүлінеді немесе айыппұлға түседі. Үй сатқанда да егесі жарты ақшасын алып, қалғанын кейін есептесуге келіседі. Бірақ, сатып алушы арада біраз уақыт өткенде алғашқы ойынан айнып қалуы немесе үйді біраз уақыт пайдаланып, тоздырып, кейін алмайтын болдым деп бас тартуы мүмкін. Осы жерде дау туындайды, ал ортада заңды құжат жоқ. Жәбірленуші тарап сотқа жүгінуге мәжбүр болады. Бірақ, қолда ешқандай заңды құжат болмаған соң, ол шынайы зардап шеккен болса да, қағаз жүзінде дәлелдей алмаған-дықтан ұтылады. Содан келіп, сот әділдік танытпады деген теріс пікір туындайды. Мұның дені азаматтардың құқықтық сауаттылығының төмендігінен, кейде немқұрайдылығынан да орын алып жатады.

Соңғы жылдары азаматтық талаптар көбейіп барады. Мәселен, осыдан 6-7 жыл бұрын жылына мың іс қарайтын болсақ, қазір 3 мыңға жетіп қалды. Оның көпшілігі қарызға қатысты. Қазір қарызға ақша беретін банктер, жеке қаржы ұйымдары өте көп және олардан несие алу да оңай. Онлайн да бере береді. Олардың қатары артқасын несие алатындар да көп болатыны түсінікті. Тіпті, 10-15 мың теңге несие алатындар да бар. Оның көпшілігі қарызды уақытылы төлей алмайды немесе төлегісі келмейді де оны әлгі мекемелер сотқа береді. Қарызды өндіру бойынша сот шешім шығарады. Шешім жеке сот орындаушылардың орындауына өткесін жауапкердің бүкіл есеп шоттары жабылып, құқықтық әрекеттері-

жатыр. Соттасу – уақыт, қаражат шығынын талап ететін ұзақ процесс. Сол себепті даудың сотқа жетпей шешілгені тиімді.

**– Төлеби ауданы табиғаты көркем, демалыс орындары көп болғандықтан шығар, жерге қатысты даулар да жиі естіледі...**

– Оныңыз рас. Даудың көбі жердің нысаналы мақсаты дұрыс болмай, коммерциялық нысандар мен демалыс орындарының салынуынан туындап жатады. Ол араға біраз уақыт салып анықталады да, соңы дауға ұласады. Ал, нысаналы мақсаты дұрыс болмаған жерге салынған нысандар бұзылуға жатады. 2017 жылдан бастап ауыл әкімдерінің шешімі арқылы берілген бірқатар жерлерде осындай замансыздықтар анықталып, ескі шешімдердің барлығы бұзылуда. Нақты мысал келтірер болсақ, «Түркістан облысының жер инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесінен 2020 жылы 18 іс түскен болса, 2021 жылы – 9, 2022 жылы – 10, 2023 жылы – 105, 2024 жылы – 74, 2025 жылы – 42, ал осы жылы 13 іс түсіп, қаралды.

*Жастар арасында нашакорлық, психотроптық заттарға құмарту, оған тәуелді болу белең алуда. Сарапшылардың айтуынша, құрамында есірткісі бар заттарды 5-6 рет қолданған адам біржолата тәуелділікке бой алдырады. Одан кейінгісі белгілі: денсаулық құриды, шаңырақ шайқалады, түрлі қылмыстарға аяқ басады, соңы – түрме. Лудомания да қауіпті дерттердің біріне айналды. Құмар ойынның салдарынан қылмысқа барып, отбасын ойран еткен жастар аз емес. Алаяқтық қылмыстардың да дені осы құмар ойынға құмартқандардың тарапынан орын алып жатады. Ұтылады, сосын ақша керек болады. Ақырында міндетті түрде қылмыс жасайды: ұрлайды, алдайды, тонайды, тағы басқа.*

не шектеу қойып тастайды. Кейде қарыз адам ол жайттан бейхабар болып, шетелге шығарға ғана біліп, шекарадан кері қайтады, сосын сотқа келіп айқай шығарып жатады. Негізінде алған несиеден уақытылы қайтарса, оған қатысты ешқандай да дау болмайды.

**– Қоғамдық орындардағы ұсақ құқықбұзушылықтарға да қазір жаза күшейтілді, нәтижесінде әкімшілік істер де азайып жатқан болар?**

– Әкімшілік істер бірден артып немесе азайып кетті деп айта алмаймыз. Дегенмен, белгіленбеген жерге қоқыс тастау, темекі шегу, ішімдік ішу тоқтамай тұр. Құқық қорғау органдары тарапынан жұмыс күшейтіліп, түрлі рейдтер ұйымдастырылып жатқанына қарамастан, мас күйде рөлге отыру секілді қауіпті құқықбұзушылықтарды жасайды. Өмір болған соң әртүрлі келіспеушіліктер орын алып, соңы сотқа дейін жетіп жатады. Ажырасу да асқынып барады. Қазір неке бұзу бойынша еліміз әлемде алдыңғы орындарға шығып кетті. Осындай келеңсіздіктердің алдын алу мақсатында ауылдарда қоғамдық медиаторлардың жұмысын күшейтіп, ауыл билерінің көмегін пайдаланып, дауды сотқа дейін жеткізбеу мәселесіне айрықша көңіл бөліп, жұмыс жүргізіліп

Көпшілігіндегі дау ортақ. Кезінде әртүрлі қитұрқылықтар арқылы шешімдер шығып кеткен. Шын мәнісінде ол жерді соңғы сатып алып, құрылыс жүргізген адамның кінәсі болмауы мүмкін, бірақ, заң талаптары сақталуы тиіс.

**– Осындай заңсыз шешім шығарған ауыл әкімдерінің жауапкершілігі қарала ма?**

– Біз оларға қатысты жеке қаулылар шығардық. Бірақ, көпшілігі мерзімі өтіп кеткен іс болғандықтан, ол әкімдердің қазір қызметте болмауы, тіпті, мемлекеттік қызметтен кетіп қалуы мүмкін, тағы басқа да түрлі себептермен шара көрілмей қалып жататын сәттер болады.

**– Қылмыстық істерге қатысты деректер қандай?**

– Қылмыстық істердің азайғаны байқалады. Мәселен, 2024 жылы 62 қылмыстық іс қаралған болса, 2025 жылы 48 іс түскен. Осы жылдың 5 айында 32 іс қаралуға түсті. Қылмыстық істердің кемігені қуантады. Бұл құқық қорғау органдары тарапынан атқарылып жатқан жұмыстардың, жазаның күшейтілуінің нәтижесі болса керек.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Ш.МЕКЕНБАЙҰЛЫ

ПІКІР

Заң – қоғамдағы тәртіп пен тұрақтылықтың кепілі. Ол азаматтар мен мемлекет арасындағы қарым-қатынасты реттеп, қоғамдық қатынастардың өркендеті арнада дамуына ықпал етеді. Құқықтық мемлекеттің негізгі қағидаттарының бірі – заң алдындағы теңдік.

## БҮГІНГІ ОҚУШЫ – ЕРТЕҢГІ ЕЛ АЗАМАТЫ

Бұл қағида бойынша қоғамдағы әрбір адам өзінің әлеуметтік мәртебесіне, лауазымына немесе материалдық жағдайына қарамастан заң алдында бірдей жауап береді. Заң алдындағы теңдік азаматтардың мемлекетке деген сенімін арттырып, қоғамдағы әділеттілік пен тұрақтылықты нығайтуға ықпал етеді.

Заңның қоғам өміріндегі маңызы тек құқықтық тәртіпті сақтаумен ғана шектелмейді. Ол экономикалық дамуға қолайлы жағдай жасап, инвестициялық тартымдылықты арттырады, кәсіпкерліктің дамуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар заң саяси тұрақтылықты сақталуына, мемлекеттік институттардың тиімді жұмыс істеуіне және азаматтық қоғамның дамуына негіз болады. Заң үстемдік құрған елде адамдар өз болашағына сеніммен қарап, қоғамдық өмірге белсенді бөленеді.

Құқықтық мемлекетті қалыптастыру азаматтардың құқықтық мәдениетімен де тығыз байланысты. Құқықтық мәдениет – адамның заңға деген құрметі мен құқықтық білімінің деңгейін көрсететін маңызды көрсеткіш. Заңды білетін және оны құрметтейтін азаматтар қоғамдағы құқықтық тәртіптің сақталуына үлес қосады. Сондықтан құқықтық білім беру, құқықтық тәрбие жұмыстарын жетілдіру және жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру – қазіргі заманның маңызды міндеттерінің бірі.

Білім беру ұйымдары құқықтық мәдениетті қалыптастыруда ерекше орын алады. Жас ұрпаққа құқықтық білім беру арқылы олардың азаматтық жауапкершілігін арттырып, заңға құрметпен қарауға тәрбиелеуге болады. Өйткені бүгінгі оқушы – ертеңгі ел азаматы. Оның құқықтық санасының жоғары болуы қоғамның болашақтағы дамуына тікелей әсер етеді.

Гаухар ТАЖИЕВА,  
Алматы облысы «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы» КММ  
Іле аудандық филиалының оқытушысы

МІНДЕТ

## ЭТИКА ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ ОРНЫ ЕРЕКШЕ

Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігімен қатар, әдеп нормаларын сақтауы да ерекше маңызға ие. Мемлекеттік қызметшінің әдебі – мемлекеттік аппараттың беделін қалыптастыратын және қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтатын басты фактордың бірі.



Бүгінде елімізде мемлекеттік қызмет жүйесін жетілдіру, халыққа сапалы қызмет көрсету және мемлекеттік аппараттың ашықтығын қамтамасыз ету бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Осы орайда мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексіне белгіленген талаптарды сақтауы мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Қызметтік міндетін орындауда мемлекеттік қызметші заңдылық, әділдік, ашықтық, жауапкершілік және бейтараптық қағидаттарын басшылыққа алуы тиіс. Сонымен қатар азаматтармен қарым-қатынаста сыпайылық танытып, олардың өтініші мен арызына уақытылы әрі сапалы жауап беруі қажет.

Әдеп нормаларын сақтау мемлекеттік қызметшінің кәсіби мәдениетінің көрсеткіші болып табылады. Қызметтік әдепті ұстану ұжымдағы өзара сыйласықты нығайтып қоймай, мемлекеттік орган жұмысының нәтижелілігін арттыруға да оң әсер етеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда да әдеп қағидатының орны ерекше. Мемлекеттік қызметші қызметтік жағдайын жеке басының пайдасына пайдалануға жол бермеуі, мүдделер қақтығысын болдырмауы және қоғам алдындағы жауапкершілігін терең сезінуі қажет. Адалдық пен әділдік қағидаттарын берік ұстану мемлекеттік қызметке деген қоғамдық сенімді арттырады.

Қазіргі уақытта мемлекеттік қызметшілердің қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлқына да үлкен мән беріледі. Әлеуметтік желілерде пікір білдіру немесе түрлі ақпарат жариялау кезінде мемлекеттік қызметші өзінің мәртебесіне сай әрекет етіп, мемлекеттік органның беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттерден аулақ болуы тиіс.

Мемлекеттік қызмет саласындағы әдеп мәдениетін нығайту мақсатында елімізде Әдеп жөніндегі уәкілдер институты жұмыс істейді. Олардың негізгі міндеті – мемлекеттік қызметшілерге кеңес беру, құқық бұзушылықтардың алдын алу және қызметтік әдеп талаптарының сақталуына жәрдемдесу. Бұл өз кезегінде мемлекеттік қызмет сапасын арттыруға және мемлекеттік органдардың қоғам алдындағы жауапкершілігін күшейтуге бағытталған.

Жадыра БИМАНОВА,  
Атырау қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты әкімшісінің бас маманы

(Жалғасы. Басы өткен санда)

Дүниеде ғасырлар бойы гүлденіп, өркеніеті тұрақты түрде дамып тұра берген бір де бір мемлекеттік құрылым болмаған. Мемлекет дамыды, өркендейді, одан соң өрісі тарылады, құлдырайды, кездейсоқ апат, соғыстар кедергі жасайды. Мұның өзі заңдылық тәрізді. Сондықтан Алтын Орданың құлдырауын да заңдылық деп қабылдауымыз керек.

Бірақ, ең бастысы, Алтын Орда – Ұлы Даланы дүр сілкіндірген, саналуан өркеніет көзіне айналған, мәдениеті кең құлаш жайып өркендеген, бұрын-соңды дүниеде кездеспеген ірі мемлекеттік құрылымға айнала алды. Алтын Орда шегінде қаншама қала салынды, олар ірі мәдениет ошақтарына, білім мен ғылым орталығына айналды. Бұл дегеніміз, кешегі күндердегі «Бұл далада ешқандай өркеніет, білім мен ғылым болмаған. Халқы жабайы болған, қараңғы надан болған. Моншасы, мәдени орындары болмаған» деп айтылып, жазылып келген, тіпті, осы күндерге дейін ішмерез, қаскүнем ниетті әлдебір озбыр саясаткерсымактар мен қайраткерсымактар аузынан шығып қалып жүрген теріс лебіз білдірушілердің көмейіне құйылар құм, бітелер тас болмас па? Бізге керекі осы!

Алтын Орда дәуірлеген, асқақтаған, бірақ күдіретінен айырылған, күйреген күні де жеткен! Бірақ ол қорлық тарих емес, тарих заңдылығы. Ешбір құрылым, ешбір мемлекет тұрақты түрдегі мәңгілік өркеніетке қолын жеткізбеген. Әлемдік тарихнамаға үңілсек те, Ұлы Далалық шежіреден сыр тартсақ та, тамырына бойласақ та ол солай!

Бір кездері асқақтаған Рим де құлаған. Құлап қана қоймай, әпербақан, қортық билеушілерінің қырсық-кесірінен дүниенің мазағына ұшыраған кезі де болған! Сөзіміз құрғақ болмас үшін, салыстыра өрелеу тұрғысынан мысал келтіре кетейік.

Қазақ тарихы аяқасты болып жатқан, тарихы келемежге айналған кеңестік дәуірде бұл күні құрдымға кеткен Компартия тарихын сарсыла оқыдық, сонымен бірге, дүниежүзілік тарих бойынша осы Рим тарихын қарағалап, құнттай оқығанымыз есімізде, әрине. Ал енді келемежге айналған өз тарихымызды аз уақыт былай ысыра тұрып, Рим тарихы туралы өрелеп көрейікші. Рим тарихында, тіпті, ежелгі дәуірлерде, біздің ғрамызға дейінгі шамамен алғанда 30-50 жылдарда, Римде Нерон, Калигулалар императорлық құрған. Екеуі де тарихта таңбанып қалған күдіретті билеушілер болған. Қош делік.

Ал олардан қандай ұлағат, өнеге қалған екен, байыптап көрейік. Екеуіне ортақ басты ұқсастығы – шексіз билік иелері болған, халқын адам құрлы көрмей, қорлап ұстаудың небір түрлерін ойлап тапқан; адам тағдырын ойыншық, мазақ еткен, сырттан жау іздемей-ақ өзара жауықтырып, бір-біріне айдап салып, өздері қызыққа батып отырған, адам өліміне жиі жеткізетін жарыстар, жекпе-жектер, жаппай төбелестер ұйымдастырған, таңнан-таңға ұласатын, адамдарды да, аттарды да зорықтаратын аттылы, арбалы жарыстар ұйымдастырған. Мемлекет істерімен айналысудан гөрі, қазына ақшасын бей-берекет шашып, еріккеннің ермегіне айналдырған. Парықсыз, ақымақ билеуші болғандығы сондай, билік басына келісімен, қарамағындағы халқына: «Рим тарихы бұдан былай мына менен басталады!» деп жариялаған, сөзінің дәлелі ретінде өзіне дейінгі Римнің жиырма тоғыз билеушісінің сакталып келген мәйіт-саркофагтарын өртеп жіберген!

Нерон үшін қасиет тұтар, қадірлер жан болмаған; оның құрбандыққа шалғандарының ішінде туған анасы да, бауыры, досы да болған, ғалымдар, елінің бетке ұстар адамдары да бар. Осы саппас Нерон өзін «ұлы артистпен!» деп жариялап, халқын жиып, есерсоқ өнер көрсетеді екен. Тіпті, өліп бара жатқанда да сабазын: «Қандай ұлы актер өліп барады!» – деп өмірден өтіпті. Айтқызышы, бүкіл дүние жабылып оқитындай бұдан қандай ұлағат таныр едіңіз?!

Калигулаңыз да сол, өз билігі тұсында Рим жұртына көрмегенді көрсеткен. Өз билігінің шексіздігін дәлелдеу үшін, мініп жүрген атын консул қылып тағайындап, мәжілістеріне қатыстырып отырған ғой. Ондағы айтар уәжі: «Мен не қаласам, сол болады. Қаласам, атым да мәжіліске қатыса алады!» Олардың ақылға сыймайтын есер қылықтары туралы жалғастыра беруге болар еді, қажеті қанша?

Дүниежүзілік тарихат-танымда осындай ақылға сыймайтын әумесерліктер, өз елін аздырып-тоздырған әпербақан билеушілер дәріптеліп, әлемдік оқулықтарға енгізіліп, біздің жұртымыздың байырғы тарихы, көне өркеніеті аяқасты болыпты немесе «күштінің арты диірмен тартар» дегендейін, біздің өркеніетіміз көмескі тартып, тарих аренасынан жылжи бастағанда, орнын басқан жұрттар қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған дәуірімізді қасақана өшіруге тыры-

империяның жүрегін ескендіретін осындай батыл қадамға тәуекел жасап, «Алтын Орда» дилогиясын жазды, ал оның әдебиеттегі ізбасары, шәкірті Мұхтар Мағауин әуелі «Шыңғыс хан және оның заманы» атты төрт томдық дүниесін жазды да, өмірінің ақырғы жылдарында «Алтын Орда» дилогиясын жазып үлгеріп, халқына табыстап кетті.

Әрине, бұл ешқандай қайталау емес, өз шығармаларын кеңестік саясаттың үстемдік құрып, дәуірлеп

маңыздылығын тарих түңлігін серпіп жібергендей, жарқ еткізіп, дүниеге жар салып жариялады.

### Қуан, қазақ, қуан!

Осылайша, қазақ тарихы өзінің жаңа арнасына түсті, бұрынғы танып келген, мойындалып келген тарихымызға тағы үш ғасыр үстемеленіп қосылды, мемлекеттік деңгейде ресми түрде жарияланды. Ендігі жерде Қазақ мемлекеттілігінің тарихы бұынғыша

ралы тастай берік уәже құрылған тұжырымдамасының бағасы сонда, ендігі күнде бізге қарап ешкім де «Қазақ елінің мемлекеттілігі болмаған, тіпті, шекарамен бөлініп, сызылған өз жері де болмаған» деген негізсіз көзқарасын білдіре алмайды деп сенеміз!

Біз ел басшысының негізсіз сөйлемегеніне, өзіне дейінгі бұл тарапта айтылып келген, жазылып жатқан саналуан зерттеуші ғалым-ғұламалардың, кеменгер ой иелерінің, көрнекті саясаткер-қоғам қайраткерлерінің,

# АЙБАРЛЫ АЛТЫН ОРДА НАҒЫЗ МҰРАҒЕР ЖҰРТЫНА ОРАЛДЫ



сыпты, не өздеріне еншілеп, иеленіп жүріпті!

Міне, уақыт бәрін өз орнына қоюда! Тарих тақсырдың әлі айтары алда екен! Біз осыған қуанамыз. Түптің түбінде әділет салтанат құратынына ата-бабаларымыз сенген, кешегі Алаштың арыстары сенген, олардың ізін басқан біздің ұрпақ сенген, бүгін – сол үмітіміз ақталған күн туып отыр. Тарихтағы әділетсіздіктер, жөнсіздіктер мен жүгенсіздіктер туралы да әлі талай айтылар. Егер ақиқат су бетіне қалқып шыкса, сол ақиқатты, шынайы тарихатқа қазақ деген жұрттың абыройы аласармайтынына біздердің сеніміміз мол.

Ал Қазақ Ордасын билеген хан-сұлтандар, арғысы Алтын Орда, одан әрі аса түссек, сақтар мен ғұндар дәуіріндегі аты мәлім билеушілеріміз тарихта мұндай берекесіздіктерімен немесе жұрттымен санаспаған жүгенсіздіктермен тарихта таңбалабағанына сенімдіміз. Бұл туралы тарихи аңыздарымыз айтады, көнеден келіп жатқан азды-көпті мұрағаттарымыз сөйлейді.

Алтын Орда өзінің үш ғасырға жуық үстемдік құрған дәуірінде, мейлі, талай алмағайып кезендерді басынан кешсін, билік үшін таласы болсын, мұндай мазакқа ұшырамаған, трагедиялы төлкекке ұрынбаған! Бүгінгі күн тұғырынан үніліп, зер салсақ та асқақтаған, енесі биік, Алтын Орданың күдіретіне бас идірер салтанатын көреміз, сүйсінеміз, кеудемізді мақтаншы сезімі кернейді! Жасыратын несі бар. Алтын Орданың сол биік мәртебесін бізге көп көрушілер, іші тарылып, қызғанушылар жеткілікті болды.

Қаншама жаба тоқып, бүркемелеуге тырысса да, шындық ашылмай тұрма, су бетіне қалқып шыға келгендігіне сіздер мен біздер куә болып отырмыз.

Кейін сол күдіретінен айырылып қалған елдердің бұрынғы атак-даңқы туралы айтуға, жазуға кімдердің құлқы бола қойсын, ол туралы айтса, өздерінің азды-көпті абыройларынан айырылып, тарихы аласарып қаларын, әрине, іштері сезеді. Міне, Алтын Орданың өзгелердің қызғанышын оятқан, іштеріне шок түсірген тарихы осылайша өріледі!

Алтын Орданың тарихы туралы, әсіресе, оның тікелей Қазақ Ордасымен жалғасатыны туралы жазушыларымыз үнсіз қалған жоқ. Олар әрқашан белсенді әдетінше, тіпті, бұл тарапта алдымен тарихымызды жаңғыртуға тиіс болатын тарихшыларымыздың өздерінің алдын орап кетті; алдымен Лияс Есенберлин Қазақ Ордасының өз алдына шаңырақ көтергенін айғақтайтын «Көшпенділер» трилогиясынан соң, тарихымызды тереңдете түсіп,

*Қазақ тарихы өзінің жаңа арнасына түсті, бұрынғы танып келген, мойындалып келген тарихымызға тағы үш ғасыр үстемеленіп қосылды, ол мемлекеттік деңгейде ресми түрде жарияланды. Ендігі жерде Қазақ мемлекеттілігінің тарихы бұынғыша он бесінші ғасырдан емес, он екінші ғасырдың аяғы мен он үшінші ғасырдың басынан бастау алады деп кеуде керіп тұрып, мақтаншыпен айтуға толық қақымыз бар. Әлем дүр сілкінді, бұл тіпті қазақ елі ішінде ғана емес, дүниежүзілік тарихнамаға өзгеріс әкелетін, әлемдік тарихтану саласының бірталай беттерін тың көзқарас-тұжырымдамаларымен байыта түсетін, жаңаша жазылуға тиіс тарихнамалық тараулар болып қосылатыны сөзсіз.*

тұрған заманында жазған І.Есенберлиннің идеология ықпалына түспеуі мүмкін емес. Сондықтан, Тәуелсіз Қазақстан тұсында тәуелсіз тарихымыздың жазылуы заңдылықтай көрінген. Міне, осы міндетті сол кездерде шетелде тұрып жатқан М.Мағауин мойнына алып, орындап шыққандығы белгілі.

Халық бұл екі тарихшы жазушылардың шығармаларын жақсы қабылдады. Халықтың өздерінің шынайы тарихын тануға деген ықылас-ниеті шексіз болатын, бұл жазушылардың екеуі де жұртшылық көкейіндегісінен тап басып, сенсациялық тарихи еңбектерін дер уақытында жариялады. Бірақ көркем әдебиет, мәселе бұрынғы жоқ, мемлекеттік деңгейде, саяси бағытта қолдау таппай қалып жатады. Көбінесе жазушы қиялынан шыққан дүние ретінде қабылданыпты шындық. Дегенмен, екі жазушының шығармалары да қоғамдық жетекші ойларға зор ықпал жасағандығын айтпаққа тағы болмайды, мәселе бұрынғы қатып қалған қасаң ойлардың тоңының жібуінде болса керек.

Сен орнынан қозғалса, оны ешқандай күш тоқтата алмас анық. Бұл екі аралықта бірталай тарихшы Алтын Орда тарихына белсенді қалам тарта бастады; тіпті, бұған түркілік ғалымдар, қазақ тарихшылары ғана атсалысып қоймай, орыс зерттеушілері, еуропалық ғалымдар тарихи шындыққа өз үлестерін қоса бастады, олардың кейбіреулері империялық көзқараспен жазса, екіншілері тарихты бұрмалауға жүректері дауаламай, негізінен ақиқатты айқындап берді. Міне, білімдер Президентіміз осылардың бәрін назарында ұстап келгендігін, Алтын Орда мәселесіне жайбаракат қарай алмайтынын, қазақ жұртының басты жан ауыртар мәселесі деп танытынын, әсіресе, жас ұрпағымыз үшін мұның

он бесінші ғасырдан емес, он екінші ғасырдың аяғы мен он үшінші ғасырдың басынан бастау алады деп кеуде керіп тұрып, мақтаншыпен айтуға толық қақымыз бар. Әлем дүр сілкінді, бұл тіпті қазақ елі ішінде ғана емес, дүниежүзілік тарихнамаға өзгеріс әкелетін, әлемдік тарихтану саласының бірталай беттерін тың көзқарас-тұжырымдамаларымен байыта түсетін, жаңаша жазылуға тиіс тарихнамалық тараулар болып қосылатыны сөзсіз.

### Алтын Орда – қазақ мемлекеттілігінің бастауы

Әрине, мұндай кесек қадамдар ешқашан ескерусіз қалмайды, әзірше әлем жұртшылығы алғашқы әсермен пікір-көзқарасын білдірісіп жатса, енді біздің Президентіміздің бұл сенсациялық жарияланымы талай қаламдарға шабыт сыйлап, талай ғалым, ғұламалардың тың еңбектеріне, зерттеулеріне мұрындық болары сөзсіз. Өйткені, бұрынғы, кеңестік жүйе тұсында тыйым салынған жабық тақырып болған күнде де саясаттың күші жетпеген, тұншықтыра алмаған, жаппай қоғамдық қозғалысқа дем бермесе де, ғалымдар мен шығармашылық иелерінің туындылары арқылы арагидік шаң беріп қалып отырған, сергек саналы ойларға ойтүрткі болып, жетекшілік еткен бұл бағытқа енді саясаттың өзі араласып, мемлекеттік деңгейде мәртебе берілді. Бұл ел тарихының кең құлаш сермеуіне берілген зор мүмкіншілік деп ұғамыз. Дүниеде өз тарихынан айырылып қалған немесе тарихаты билеуші империяға байлаулы хәм тәуелді қаншама жұрт барын ескерсек, бұл жетістігіміздің салмағы мен бағасының құны биіктей түсері анық.

Президентіміздің Алтын Орда ту-

тарихшы-шежірешілердің, сондай-ақ, шығармашылық өкілдерінің, әсіресе, тарихты толғаған қаламгерлеріміздің туындыларымен түбегейлі танысып, әбден көзін жеткізіп барып, түйген тоқтамы деп білеміз.

Біз өз Президентіміздің тарихи түсінік-танымының тереңдігіне, жеті рет өлшеп, бір-ақ кесетін парасатты пайымына, ақыл-ой кемелділігіне, өткені мен бүгінгі салыстыра қорытындылап, бажайлай алатын жүйрік саясаткерлігі мен қабырғалы қайраткерлік басшылығына сенеміз! Міне, осы Алтын Орда туралы тұжырымдамасын

жариялау арқылы, халқының алдында, сонымен бірге, бүкіл әлем жұртшылығының алдында Ел Президенті осыған тағы да көзімізді жеткізгендей болды. Біз өз Президентімізге күмәнсіз сенгендіктен, Алтын Орда туралы айтқандарына толығымен қосыламыз әрі қолдаймыз!

«Алтын Орда – менің мақтан тұтар төл тарихым!

Алтын Орда – менің туған жұртымын, біздің өскелең ұрпағымыздың мәңгілік тұғыры, тірек-таянышы, елдік мақтаншысы!

Алтын Орда – біздің тарихи мұрат-мүддеміздің ең асқар шыңы, көгімізде жарқырап тұрар биігі!

Жас ұрпағымыз осы қуатты рухтан күш алып, жігерленіп, болашағына тура қарап, еңсесін тіктеп өсуге тиіс!» Президентіміздің Алтын Орда туралы тұжырымдамасын жариялауының да басты мұрат-мүддесі осында жатыр деп ұғамыз.

### Құрметті жас ұрпақ!

Ел болашағының құрылысын қалаушы жастарымыз бен балаларымыз! Міне, ел Президентінің бастамасымен тарихымыз жаңа арнаға бет алды. «Откен болмай, бүгін жоқ» деген халқымыз. Тарихын қадірлемейтін, ұлағатты өткенін мақтан тұтпайтын, одан сабақ ала алмайтын елдің зиянын іргелі, жарқын да жасампаз болашағын құруы мүмкін емес. Сондықтан да, Президентіміздің Алтын Орда туралы тұжырымдамасы ел-жұртының өз тарихына шөлдеген кемістігін толтырады, жоғын түгендейді, жас ұрпағымызды жарқын болашаққа құлшындырады деп табан тіреп, нық сеніммен айта аламыз.

Қазақтың біртуар ақыны Мағжан Жұмабаев «Түркістан» жырында:

*Тұранда түрік ойнаған ұсап отқа,  
Түріктен басқа от болып*

*жан туып па?*

*Көп түрік енші алысып*

*тарасқанда,*

*Қазақта қара шаңырақ қалған*

*жоқ па? –*

деп жырлауы бүгінгі Президент айтып отырған Алтын Орда туралы тұжырымдама бағыттарымен орайлас, үндес. Аса білімдар ақын нақ Алтын Орда ыдырағанда, оның қара шаңырағы қазакта қалғанын айқын атап көрсетіп отыр. Мұны бүгінгі Көк Түріктің сарналы, салауатты ұрпағы мойындайды. Тағы да баса айтамыз, бұл әңгіменің басы ғана, қазақ тарихатын хәм Алтын Орда ақиқатын шынайы өрелеу енді басталды. Ал ақиқатты тарих жалған деректерге сүйеніп жасалмайды.

Досжан ӘМІР.

ҚР Судьялар одағының төрағасы

**ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ**

(Соңы. Басы 1-бетте)

Біздің демалыс орнымыздан 9 шақырым жерде Ақкөл көлі бар. Одан 5 шақырым жерде Ақкөл сарқырамасы, 8 шақырым жерде Қаракөл көлі, одан 4 шақырым жерде Жасылкөл көлі бар. Көлдерді былай қойғанда, Қазақстанның ең биік 7010 метрлік Хан-Тәңірі шыңы бар. Қытайдан келген бір фотограф қонағым «мен Хан-Тәңірін бүкіл қырынан суретке түсірдім. Тек Қазақстан тарапынан түсіре алмадым. Мені сонда апарыңызшы» деп өтініш жасады. Оны көрген кезде алған әсері ерекше болды. «Мұндай көрініс Қырғызстанда да, Қытайда да жоқ. Сендердікі өте керемет екен» деп жоғары баға беріп кетті.

– **Байыңқол өзені аңғарының табиғаты да адам айтса нанғысыз керемет жер ғой.**


– Рас айтасыз. Бұл жердің табиғаты Швейцариядан кем емес. Оның ұзындығы 70 шақырымға созылады. Швейцарияға барған қонақтарым: «Онда табиғат өте керемет, бірақ өте қысқа. Тез аралап тастайсың. Мына жак одан да керемет екен» деп айтады. Сонда қонақтарға «біз Мальдивке бармаймыз. Біздің Мальдив – Ақкөл». Тек суы

шыңы біздің «HanTaniri village» демалыс орнынан 15 шақырымнан кейін көріне бастайды. Сондай-ақ Мәрмар қабырға да көрінеді. Тағы 17 шақырым жүрсеңіз Мәрмар қабырғаның тура түбіне барасыз. Оның биіктігі 6146 метр. Кезінде ол жерде альпинистердің базалық лагері болған. Кейін оған шығатын адам саны азайған соң, лагерьдің де жұмысы тоқтап қалды.

– **Саяхатшылар арасында түрлі қызықты жағдайлар боп тұратын шығар. Қай елдің демалушылары сізді ерекше таңғалдырды?**

– Бір жылдары араб мемлекеттерімен жұмыс істедік. Бізге Сауд Арабиясынан, Біріккен Араб Әмірліктерінен көп адам келетін. Келе жатқанда олар «ана шөпке тоқта, ана үлге тоқта» деп Көкпектің жазығынан бастап көлікті көп тоқтата береді екен. Солай таңғы 6-да шыққан қонақтарымыз бізге кешкі 6-да келіп жүрді. Сондай-ақ арабтар ұзақ жолды онша ұнатпайды екен. Сондықтан 1 жылдай боп қалды бізге олардан келушілер тоқтап қалды.

Негізі бізге Еуропа елдерінен, оның ішінде немістер көп келеді. Еуропалық саяхатшылар негізінен 65-70 жастағы егде кісілер. Олар хайкинг, треккинг



табиғи өнім алдағы жылдарда жоғары сұранысқа ие болады. Жасанды интеллекттің өзі біраз мамандардың орнын басып жатыр. Сол себепті біз бұған дейін тек жазғы маусымда ғана жұмыс істесек, былдан бастап енді жыл бойы жұмыс жасауды жоспарлап отырмаз.

– **Ұлттық тағам, салт-дәстүр деген кезде им жүгіртіп, құс салатын қазақтың аңшылық өнері еріксіз еске түседі. Сіздерде бұлар көрсетіле ме?**

– Аңшылық өнерге қатысты қонақтарымыз сұраныс жасаса, бізге Сөгеті ауылындағы жігіттер келіп өздерінің шоу бағдарламаларын көрсетіп кетеді. «Не сойса да қасапшы сойсын» дейді ғой. Әркім өзінің ісімен айналысқаны дұрыс. Мен туризммен айналысам. Бәріне үлгері алмаймын. Сондықтан бірге жұмыс істейміз дегендер болса, оларға да есігіміз әрдайым ашық.

– **Қонақтарды қалай табасыз?**

– Мен негізі жарнамамен айналыспайтынмын. Халық бір-бірінен естіп, хабарласып, өздері кеп жатады. Биыл осы салада оқып, білім алып жатырмын. Сондықтан жарнаманы маңызын енді түсініп келемін. Оның орны белек екен. Бірде әлеуметтік желіге өзім жасаған бір видеоны салғам. Тик-ток пен Инстаграмда 1 млн-нан қаралым жинады. Телефон соғушылар мен хабарлама қалдырушыларға жауап беруге үйлестірушілерім үлгері алмай қалды. Күніне мың қоныраудан түсіп отырды. Алайда оның саны сатылым емес екен. Бір кісілер жай сұрайды. Біреулер қызығып сұрайды, түрлі сұрақтар қояды. Сондықтан жарнама ны тоқтатып тастадық. Біз жарнаманы кейде демалғысы келмейтін, күйбең тіршіліктен шыға алмайтын адамдарға да жіберіп тастайды екенбіз. Ол демалуға дайын кісілерге ғана түскені дұрыс.

Біз сондай-ақ, өз қызметімізде әрдайым адам санын көбейтуге емес, сервисті жақсартуға көбірек көңіл бөлеміз. Сондықтан бір мезгілде 40-тан артық адамды қабылдамауға тырысамыз. Себебі ақша-ақша деп адамды қабылдай беруге болады. Бірақ одан сапа мен сервис жақсармайды. Дүниежүзілік статистика бойынша әрбір 4 демалушыға 1 қызметкер керек. Егер күніне 70-80 адам күтетін болсаңыз, қызметкеріңіз де соған орай көп болу керек.

– **Шетелдіктермен жұмыста аудармашы табуда қиындық бар ма?**

– Аудармашылар ауданда тапшы. Мен өзім қазақ, орыс, түрік, ағылшын тілдерін білем. Енді арабшаны да үйреніп жатырмын. Сонымен 5 тіл болады. Басқа тілде сөйлейтін шетелдіктер келсе, олармен интернеттегі аудармашы құралдарымен сөйлесеміз.

– **Еңбегіңіз жемісті болсын!**

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**  
«Заң газеті»

**Жомарт СМАҒҰЛ,** отандық кәсіпкер:

**«ТУРИЗМ МӘДЕНИЕТІ ТОЛЫҚ ҚАЛЫПТАСҚАН ЖОҚ»**

суық болғаны болмаса» дейміз. Суы көкпенбек болып, түбі көрініп жататын бұл көлдегі судың температурасы қысы-жазы +3 градус боп тұрады.

Бізге саяхатшылар үшін атпен қыдыратын тур бар. Жоғарыда атап өткен Ақкөл сарқырамасы мен Ақкөл, Жасылкөл, Қаракөл көлдері мен Хан-Тәңірі шыңы, Мәрмар қабырғаның етегіне дейін оларды атпен жеткіземіз. Олардың ішінде атпен жүруді қиынсынып, жеңіл жолды қалайтындар да аз емес. Көбі мұнда автожол жасалса дейді. Бірақ бізде әлі экологиялық туризм мәдениеті қалыптаспаған. Жол жасалғанда қоқыс көбейеді. Сондықтан өз басым туризм мәдениеті қалыптасқан соң ғана жолдың жасалғанын жөн көрем.

– **Мәрмар қабырғасында бұрын альпинистер лагері болды ғой деймін?**

– Мәрмар қабырғасы Хан-Тәңірі шыңын тамашалайтын алаңнан ары қарай 15 шақырымдай жерде. Хан-Тәңірі

*Өз қызметімізде әрдайым адам санын көбейтуге емес, сервисті жақсартуға көбірек көңіл бөлеміз. Сондықтан бір мезгілде 40-тан артық адамды қабылдамауға тырысамыз. Себебі, ақша-ақша деп адамды қабылдай беруге болады. Бірақ одан сапа мен сервис жақсармайды. Дүниежүзілік статистика бойынша әрбір 4 демалушыға 1 қызметкер керек. Егер күніне 70-80 адам күтетін болсаңыз, қызметкеріңіз де соған орай көп болу керек.*

дейді ғой, жаяу жүргенді жақсы көреді. Ақкөлге өзге қонақтар атпен барып жүрсе, олар жаяу барғанды жөн көреді.

Жасы 87-де Англиядан келген бір қонағым болған. Ол маған «сенің әсемделген қазақ үйің керек емес. Маған ауылдағы қарапайым адамдар тұратын үй керек» деген соң, қойшының үйіне апарғам. Бұл кісі сонда қонып, сонда өз

қолымен құрт жасап, үлкен әсер алып қайтты.

Сосын менің Жеңіс деген бір ағам бар. Агротуризм бойынша «Біздің ауыл» деген үлкен жоба жасады. Сол жақта ұлттық салт-дәстүріміз жан-жақты көрсетіледі. Біздің жасап жатқанымыз Жеңіс ағаныкіндей үлкен ауқымда емес. Біз тек биеден сауы-

латын саумал мен қымыз, сиыр сүтінен дайындалатын құрт, май, кілегей, маңыз қалай жасалатынын ғана көрсете аламыз.

– **Соңғы жылдары Нарынқолда қытайлық туристер үшін шекарадан жаяу жүргіншілер жолы ашылады екен деген сөз шыққан еді. Бұл сіздер үшін де жақсы мүмкіндік емес пе?**

– Қытаймен арадағы шекарада жаяу жүргіншілерге арналған жол ашылса, бұл елден келетін қонақтар құрт өсетін еді. Өйткені олардың туристерінің әлеуеті өте жоғары. Көрінген жерге қоқысты лақтыра салатын кішкене лақтау халық болғанымен, қаражат төлеу жағынан әлеуеттері мол. Қытай қазір әлемдік экономикада озық тұрған мемлекет қой.

Сондай-ақ қазір жасандылық дамыған заман. Қытай тіпті жұмыртқаны тауықсыз қолдан істеп жатыр. Құндылықты бағалайтындар шынайылықты қалайды. Сондықтан ГМО-сыз

**КӨКЕЙКЕСТІ**

Пластикалық хирургияның ең күрделі әрі даулы бағыттарының бірі – бой ұзарту операциясы. Бұл әдіс медицинада бұрыннан бар болғанымен, соңғы жылдары оны тек медициналық қажеттілік емес, сыртқы келбетті өзгерту үшін жасататындар көбейіп келеді. Аталған операция кезінде адамның аяқ сүйектері арнайы тәсілмен сындырылып, арасына темір құрылғы орнатылады. Уақыт өте келе бұл құрылғы сүйекті баяу созып, адамның бойы бірнеше сантиметрге ұзарады.

Көп адам бұл операцияны өзіне деген сенімділікті арттыру үшін жасатады. Әсіресе бойы қысқа адамдар қоғамда өзін ыңғайсыз сезініп, осы жолды таңдайды. Алайда бұл оңай шешім емес. Операциядан кейін ұзақ уақыт бойда ауырсыну болады, адам қалыпты жүріп-тұрудан шектеледі. Қалпына келу кезеңі бірнеше айға, тіпті бір жылға дейін созылуы мүмкін. Сонымен қатар сүйектің дұрыс бітпеуі, инфекция түсуі немесе аяқтың қисайып қалуы сияқты қауіптер де бар. Сондықтан мұндай операцияға тек сән немесе қысқа уақыттық сенім үшін бару үлкен тәуекел екенін түсіну керек.

Пластикалық хирургияның маңызды әрі пайдалы бағыты – күйік алған немесе ауыр жақарақаттан кейінгі теріні қалпына келтіру. Мұндай жағдайларда пластикалық ота адамның өмір сапасын айтарлықтай жақсартады. Мысалы, бет терісі күйіп кеткен адамдарға арнайы тері көшіру немесе қалпына келтіру операциялары жасалады. Бұл тек сыртқы келбетті түзету үшін емес, адамның тыныс алу, сөйлеу, тамақ ішу сияқты маңыз-

**ПЛАСТИКАЛЫҚ ОТАНЫҢ ПАЙДАСЫ ҚАНДАЙ, ЗИЯНЫ НЕДЕ?**



ды функцияларын қалпына келтіру үшін қажет. Дегенмен бұл операциялар да оңай емес. Кейде бір нәтижеге жету үшін бірнеше рет ота жасау-

ға тура келеді. Терінің толық қалпына келмеуі, тыртықтардың қалуы немесе инфекция түсу қаупі сақталады. Бірақ соған қарамастан, мұндай хирургиялық көмектің арқасында көптеген адамдар қалыпты өмірге қайта оралып, қоғамға бейімделе алады. Бұл пластикалық хирургияның шын мәнінде қажет және пайдалы екенін көрсетеді.

Ал пластикалық отаның ең қауіпті жағының бірі – оны шамадан тыс пайдалану. Кейбір адамдар бір рет операция жасағаннан кейін тоқтай алмай, қайта-қайта өз келбетін өзгерте береді. Алғашында кішкентай өзгеріс жасаудан басталған нәрсе кейін үлкен өз-

герістерге әкеледі. Нәтижесінде адамның бет-әлпеті табиғилығын жоғалтып, кейде мүлде танылмайтындай күйге түседі.

Әлемде бірнеше рет пластикалық ота жасау, өз келбетін толық өзгерткен адамдар көп. Кейбіреулер белгілі бір жұлдызға ұқсағысы келсе, енді біреулер «мінсіз» келбетке жетуді мақсат етеді. Бірақ шектен тыс өзгерістер көбінесе кері әсерін тигізеді. Бет бұлшықеттерінің қозғалысы бұзылып, мимика жоғалады, тері табиғи қалпынан айырылады.

Бұдан бөлек, пластикалық хирургияның шектен тыс қолданылуы кейде өте ерекше және түсініксіз бағыттарға алып келуде. Шет елдерде кейбір адамдар әдейі өз келбетін жануарларға ұқсату үшін бірнеше рет операция жасатады. Мысалы, олар мұрын пішінін өзгертіп, құлағын үшкір етіп, көз формасын өзгертеді немесе терісіне түрлі өзгерістер енгізеді. Осының салдарынан адамның сыртқы келбеті табиғи қалпынан мүлде алшақтап кетеді. Мұндай әрекеттер көбіне психологиялық себептермен байланысты. Адамдар өз ерекшелігін көрсету немесе танымал болу үшін осындай қадамға барады.

Мамандардың айтуынша, мұның басты себебі – адамның өз-өзіне қанағаттанбауы және психологиялық қысым. Әлеуметтік желілердегі мінсіз образдар адамдарға шынайы емес тәліптік қояды. Нәтижесінде адам өз келбетін жеткіліксіз деп қабылдап, қайта-қайта өзгертуге тырысады. Бұл пластикалық отаға тәуелділікке алып келуі мүмкін.

Әр адам мұндай қадамға бармас бұрын тек сыртқы сұлулықты емес, өз денсаулығы мен болашағын да ойлауы керек. Өйткені уақытша тренд пен қоғамның пікірі өзгеруі мүмкін, ал денсаулық – өмір бойына берілетін ең маңызды құндылық.

**Диана НҰРХАНАТҚЫЗЫ,**  
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық катынастар және әлем тілдері университетінің 2-курс студенті

**СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?**

**Анестезиолог Жәмилә Мұхитқызының пікірінше, кез келген хирургиялық араласу сияқты пластикалық операцияның да өз қаупі бар. Олардың қатарына инфекция түсуі, қан кету, тыртықтың қалуы, наркозға байланысты асқынулар және күткен нәтижеге толық қол жеткізбеу жатады. Пластикалық хирургия – мүмкіндігі мол, бірақ жауапкершілігі одан да үлкен сала. Бір жағынан ол адамға жаңа өмір сыйлап, өзіне деген сенімділігін арттыруы мүмкін. Ал екінші жағынан ойланбай жасалған шешім денсаулыққа зиян келтіріп, сыртқы келбеттің табиғилығын жоғалтуға әкелуі ықтимал. Әсіресе бой ұзарту сияқты күрделі операциялар мен жиі жасалатын өзгерістер адам ағзасына үлкен салмақ түсіреді.**

## ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

# ҚЫЛМЫСТЫҢ ӨТЕУІ АУЫР

ҚР ҚК-нің 52-бабының 1,2,3-бөліктерінде көзделгендей қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп таңылған адамға осы кодекстің ерекше бөлігінің тиісті бабында бөлігінен шектерде және осы кодекстің жалпы бөлігінің ережелері ескеріле отырып, әділ жаза тағайындалады.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға оның түзелуі және жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін қажетті және жеткілікті жаза тағайындалуға тиіс. Егер жасалған қылмыстық құқықбұзушылық үшін көзделген жазаның онша қатаң емес түрі жазаның мақсатына жетуді қамтамасыз ете алмайтын болса ғана, ол үшін көзделгендері арасынан неғұрлым қатаң жаза түрі тағайындалады. Жасалған іс-әрекет үшін осы кодекстің ерекше бөлігінің тиісті баптарында көзделгеннен неғұрлым қатаң жаза осы кодекстің 58 және 60-баптарына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша немесе үкімдердің жиынтығы бойынша тағайындалуы мүмкін. Жасалған іс-әрекет үшін осы кодекстің ерекше бөлігінің тиісті баптарында көзделгеннен онша қатаң емес жаза тағайындау үшін негіздер осы кодекстің 55-бабында айқындалады.

Қазіргі таңда кейбір қылмыстар бойынша жаза күшейтілді, бұл әсіресе жеке басқа қатысты жасалған қылмыстарға байланысты, яғни адам өлтіру, зорлау, кәмелетке толмағандар

дың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстар жасаған адамдарға жазаның мөлшері ұлғайтылды.

2019 жылы ҚР ҚК-нің 99-бабының 3-бөлігі, яғни жас баланы өлтіру бойынша арнайы өзгеріс енгізілген.

Бұл бап бойынша белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, жиырма жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға не мүлкін тәркілеп немесе онсыз, бас бостандығынан өмір бойына айыруға жазаланатыны қарастырылған. Сонымен қатар, ҚК-нің 120-бабында көзделген жаза едәуір күшейтілді. Осы баптың 1-бөлігі бойынша зорлау, яғни жәбірленушіге немесе басқа адамдарға күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп не жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып жыныстық қатынас жасау – бес жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Бұрын 3 жылдан 5 жылға дейін болатын.

Осы баптың 2-бөлігіндегі қылмысты жасаған адам тоғыз жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостан-



дығынан айыруға жазаланады. Бұрын 5 жылдан 10 жылға дейін болатын.

Осы баптың 3-бөлігіндегі қылмысты жасаған адамды он екі жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Бұрын 10 жылдан 15 жылға дейін болатын.

Сондай-ақ, осы бапқа жаңадан 3-1, 3-2 бөліктері енгізілді. Осы баптардағы қылмысты жасаған адам белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, он бес жылдан он жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Сонымен бірге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, он жеті жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өмір бойына бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ал осы баптың 4-бөлігіндегі қылмысты жасаған адамды белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, жиырма жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға не өмір бойына бас бостандығынан айыруға жазаланады. Бұрын 15 жылдан 20 жылға дейін болатын.

ҚР ҚК-нің 121-бабы, яғни сексу-

алдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері бойынша да тура 120-баптағы көзделген жазадай күшейтілді.

ҚР ҚК-нің 122-бабы, яғни он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау қылмысы бойынша жаза мерзімі ұлғайтылды.

Осы баптың 2-бөлігінде көзделген, яғни он алты жасқа толмаған адамға қатысты ата-анасы, өгей әкесі, өгей шешесі, педагог не оны тәрбиелеу жөніндегі міндеттер Қазақстан Республикасының заңымен жүктелген өзге адам жасаған дәл сол іс-әрекеттер – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Бұрын жаза 7 жылдан 10 жылға дейін болатын.

Осы баптың 3-бөлігінде көзделген қылмысты жасаған адам белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, он екі жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Бұрын жаза 10 жылдан 15 жылға дейін болатын.

123-бап, бұл жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүр ету. Осы баптың 2-бөлігі, яғни кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалған дәл сол іс-әрекет болса, онда белгілі бір лауазымдарды атқару

немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Бұл жерде қосымша жаза күшейтілген, бұрын бұндай қосымша жаза көзделмеген болатын. 124-бап, бұл жас балаларды азғындық жолға түсіру. Осы баптың барлық бөліктерінде көзделген жаза да күшейтілген.

Көрінеу жас балаға қатысты күш қолданбай азғындық әрекеттер жасау белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Осы баптың 2-бөлігіне сәйкес, жас балаға қатысты ата-анасы, өгей әкесі, өгей шешесі, педагог не оны тәрбиелеу жөніндегі міндеттер Қазақстан Республикасының заңымен жүктелген өзге адам жасаған дәл сол іс-әрекет белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Бұрын жаза 7 жылдан 12 жылға дейін болатын.

Енді осы баптың 3-бөлігіне сай бірнеше рет жасалған іс-әрекеттер белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, он екі жылдан он жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Бұрын жаза 10 жылдан 15 жылға дейін болатын.

А.СУЕУОВА,

Ақтөбе облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы – сот отырысының хатшысы

## ЖАРНАМА

### ТАРАТУ

2. «Тунгуш - БВ» ЖШС, БСН 980440018801, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, 4 ықшамаудан, 10А үй, 29-пәтер.

4. «СК «АСАР» ЖШС, БСН 150240026822, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Черемушки-2 көшесі, 66-үй. Тел.: 8 705 488 34 33.

5. «Цифровой манускрипт» ЖШС, БСН 221040029045, ҚР заңнамасына сәйкес тіркелген, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Таусамалы ықшамауданы, Рысқұлов көшесі, 2-үй. Тел.: +7 701 298 89 98.

6. «НАРИ-С» ЖШС, БСН 070540004489 (ҚР, Қостанай обл., Қостанай қаласы, Абай даңғылы, 12-үй, 19), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай қаласы, Маяковский көшесі, 117/2 үй, 34-пәтер. Тел.: +7 777 585 26 64.

7. «Жылу Су Сервис» ЖШС (БСН 150140007981) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Маңғыстау обл., Ақтау к., 27-шағын ауданы, 75-үй, 12-пәтер.

11. «LCD Service» ЖШС (БСН 230340002102) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Абай обл., Семей қаласы, 71 орам, 3 ғимарат.

14. «TVB Agro» АӨК, БСН 250940013587, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Павлодар облысы, Железин ауданы, Железинка ауылы, Береговая көшесі, 51-үй, индекс 140000, Тел.: 87714259068.

15. «АТЭТ» ЖШС, БСН 130640023591 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: индекс А15Р3А9 (050060), Алматы, қаласы, Розыбакиев көшесі, 283-үй, 17 кеңсе. Тел.: +77783585176.

16. «Dekor.Mebel.kz» ЖШС, БСН 220640016062 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жария-

ланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Ақкент ш/а, 12-үй. Тел.: 87013539183.

17. «DAMU Metals» ЖШС, БСН 231040019317 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Бұқар Жырау гүлзары, 26/1, 6-кеңсе. Тел.: 87017648174.

18. «MADAR» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 220340017822, заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, әл-Фараби даңғылы, 63/17 үй, тұрғын емес үй-жай 72, пошта индексі 050040, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, әл-Фараби даңғылы, 63/17 үй, тұрғын емес үй-жай 72, индекс 050040. Тел.: +7777464668.

### ӘРТҮРЛІ

9. «АВТО Жана Кредит» МҚҰ» ЖШС кепіл мүлкін сату бойынша сауда-саттық өткізілетінін хабарлайды.

Сауда-саттық 30.06.2026 жылы сағат 10:00-де Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Кокмайса ш/а, 12-үй, автотұрақ мекенжайында өткізіледі. Голландиялық әдіс бойынша келесі мүлік саудаға шығарылады:

1-лот: BMW/ 528, маркалы автокөлік, 2000 ж. ш., қозғалтқыш көлемі – 2,8 л, түсі – қара, бастапқы бағасы – 2 600 000 теңге;

2-лот: Mitsubishi/ AIRTEK, маркалы автокөлік, 2002 ж. ш., қозғалтқыш көлемі – 2,4 л, түсі – ақ, бастапқы бағасы – 2 600 000 теңге;

3-лот: CHEVROLET/ AVEO, маркалы автокөлік, 2013 ж. ш., қозғалтқыш көлемі – 1,6 л, түсі – сұр, бастапқы бағасы – 2 616 667 теңге;

4-лот: HYUNDAI/ TUCSON, маркалы автокөлік, 2025 ж. ш., қозғалтқыш көлемі – 2,0 л, түсі – қара, бастапқы бағасы – 12 466 333 теңге;

5-лот: TOYOTA/ AVENSIS, маркалы автокөлік, 2007 ж. ш., қозғалтқыш көлемі – 1,8 л, түсі – күміс түстес металл, бастапқы бағасы – 2 766 667 теңге;

6-лот: LAND ROVER/ RANGE ROVER, маркалы автокөлік, 2003 ж. ш., қозғалтқыш көлемі – 4,4 л, түсі – сары, бастапқы бағасы – 3 100 000 теңге;

Аталған мүлік Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Кокмайса ш/а, 12-үй, мекенжайында орналасқан. Өтінімдер дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09:00-ден 17:00-ге дейін қабылданады және сауда-саттық өтетін күнге бір күн қалғанда сағат 18:00-де аяқталады. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтінім беру қажет. Өтінімдер мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Манаш Козыбаев көшесі, 10-үй.

Сауда-саттық жөніндегі сатып алынған автокөліктің үшін толық төлемді 3 (үш) күн ішінде «АВТО Жана Кредит» МҚҰ» ЖШС кассасына қолма-қол ақша түрінде төлеуі тиіс.

Сенім білдірілген тұрғындық мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алатау ауданы, Алғабас ш.а., 1/38, п. 58, анықтама телефоны: +7 701 549 98 62, төлем реквизиттері: ИИК KZ376018861000388541, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, БИК HSBKZZKX.

19. «Jet Finance» МҚҰ» ЖШС 2026 жылғы 17 маусымнан бастап Қарағанды, Қостанай және Тараз қалаларындағы өз филиалдарының қызметін тоқтататынын хабарлайды.

### ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.:  
8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru

### ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК  
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,  
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99  
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60,  
509-кеңсе. e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолық 45 көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, WhatsApp +7 708 027 4270  
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,

4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(712) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-

Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиасқаров Нурлан Нургисинвич ЖК, Петропавл қаласы, К. Сутюшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158А, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел.: 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривонова Татьяна Ивановна Шымкент

қаласы, Г. Ильяева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar\_reklama@gmail.com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі, 18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемераша көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 216 67 33.

**БАЙҚАУҒА**

**(Соңы. Басы өткен санда)**

Күдікті: Лиза Әбілқасымқызы. Егер расымен орынбасар өлтірген болса, оның сыбайласы бар. Бірақ бұл қисынсыз. Абылай қағазға түсірген жазбасын жақшаға алды. Күмән туғызатын сенімсіз ояларды ол үнемі жақшаға алатын.

Кезекшіліктегі кілтті табу. Бір ғимаратта орналасқан емхана мен аурухана дәрігерлерінің бір-бірімен қарым-қатынасын бақылай отырып, қылмыскердің психологиялық портретін жасау.

Өз ойларының жетегінде отырған тергеуші көмекшісінің қалай кабинетке кіргенін де байқамады.

– Ендігі жоспарымыз қандай? – деді лейтенант Абылайдың ойын бөліп.

– Асығуымыз керек. Уақыт өткен сайын айғақ та қалмайды. Барлық дәрігердің кабинетін тексереміз, – деді тергеуші қалтасынан ұялы телефонын алып.

Абылайдың жары Айша білікті дәрігер, қалалық емханада талай жылдан бері еңбек етеді. Толғандыған сұрақтардың жауабын алуға асыққан Абылай амандық-саулық сұрасқаннан кейін көп кідірмей негізгі әңгімеге көшті.

– Айша, қандай дәрігер екінші дәрігерге білдіртпей көп мөлшерде дәрі бере алады?

– Абеке, сізді түсінбедім. Сұрағыңызды дұрыстап қойсаңыз, – деді әйелі тұтқаның арғы жағынан.

– Қай дәрігер сездірмей науқасқа дәріні мөлшерден артық енгізе алады?

– Анестезиолог, реаниматолог, хирург, тіс дәрігері...

– Қалайша менің ойыма келмеген. Рақмет саған.

Жоғарыда айтылған мамандық иелерінің барлығы аурухана бөлігінде, тіс дәрігері ғана емханада қабылдайды. Ал Әбілқасымқызы хирург болғандықтан, дәрі-дәрмекке оңай қол жеткізе алады. Абылай өзінің тапқырлығына риза болғандай.

\*\*\*

Ауруханадағы дәрігерлердің кабинеттері толық тексерілді. Алайда айғақ болатын ештеңе табылған жоқ. Марқұм екі дәрігерден де ешқандай хирургиялық көмек алмағандығы анықталды.

– Тексерілмеген емхана бөлігіндегі тіс дәрігерінің кабинеті қалды. Кезекте отырған адамдар түгесілмей, дәрігердің жұмысына кедергі келтіргеніміз дұрыс болмас, – деді лейтенант.

– Ол жерде науқастардың, яғни тісі ауырып келушілердің тізімі жасақтала ма?

– Меніңше жоқ. Адамдар кезекпен кіреді.

Тісі ауырған жандармен бірге кезекте отырған тергеушіні қарапайым халық жатырмады. Керісінше, дәрігерлер айтпаған жаңалықты жеткізуге асықты.

– Жарықтық, жақсы жігіт еді. Соңғы рет көргенімде мазасы болмай отырған, – деді кезекте отырған егде жастағы әйел.

– Кім туралы айтып отырсыз, – деді тергеуші түсінбеген кейіппен.

– Өлгі Шекердің баласын айтамын, осы жердің басшысы болған.

– Ол тіс дәрігеріне келген бе еді?

– Иә... Адам аяғы саябырсып, кезек кабинетке кіріп, менің отырғанымды көріп, қайта айналып келетінін айтты. Түрі сондай жабырқаулы көрінді, мүмкін өлетінін сезген шығар байғұс.

Бір сағаттан астам уақыт күткен соң, тергеушінің де кезегі жетті. Кабинеттен ашулы шыққан Құралай (медбике) кезекте отырған тергеушіні байқаған жоқ. Өлдене алаңдаулы, қабағы түйілген.

\*\*\*

Шағын жинақы кабинет. Қабырға бойында тіс емдеу құралдары тізіліп тұр, бұрыштағы шыны шкапка түрлі дәрі-дәрмек қойылған.

Жасы қырықтан асқан, аласа бойлы

дәрігер ішке кірген Абылайды көргенде сәл тосылып қалды. Абыржығанын білдірмеуге тырысқанымен, көзіндегі мазасыздық тәжірибелі тергеушінің назарынан тыс қалған жоқ.

– Қандай шағымыңыз бар? – деді дәрігер қолына резекке қолғаптарын асықпай киіп жатып.

– Соңғы уақытта оң жақ азу тісім мазамды алып жүр, – деп жауап берді Абылай сыр білдірместен.

Дәрігер лампасын қосып, еңкейіп тергеушінің аузын мұқият қарады. Абылайдың өткір көздері қарсы алдында тұрған адамның ішкі дүниесіне үнілгендей. Дәрігер де жанарын тайдырмай, бір сәт үнсіз қалды.

– Тісіңізден ешқандай ақау таппадым. Мүмкін нерв жүйесінен болар, – деді дәрігер қолғабын шешіп.

– Мүмкін, – деді тергеуші. – Алайда басты шағым бұл емес, сізге қоятын сұрақтарым бар.

– Егер ұзақ уақыт алмаса... Сыртта науқастар күтіп тұр дегендей...

– Көп уақытыңызды алмаймын. Қасымов сізге тіс ауруына шағым жасап келді ме?

– Келген болуы керек, нақты есімде жоқ, – деді дәрігер кібірткітей.

– Сіз оның тісін емдедіңіз бе?

– Иә... жеңіл қарис.

– Жансыздандыру үшін укол бердіңіз бе?

Арада үнсіздік орнады. Дәрігер бұл сұраққа дайын емес еді.

– Біз уколды барлық науқасқа береміз. Тәртіп солай... Жақты жансыздандырмай емдеу қиынға соғады. Ал енді рұқсат болса...

– Тағы бір сұрақ, – деді Абылай дәрігердің жауабын күтпестен.

– Басшыңыз Шекерұлы сіздің қабылдауыңызда болды ма?

– Бұл өзі не тергеу ме? Рұқсат етсеңіз келесі пациентті шақырайын.

Қобалжу мен ашу қатар араласқан сезімін жасыра алмаған дәрігер есігін ашып, келесі науқастың кіруін өтінді.

– Сұрағыма жауап берсеңіз, – деді Абылай.

– Қазір есімде жоқ. Сау болыңыз.

Бас дәрігер жан тапсырар алдында тіс дәрігеріне барған болса, көп мөлшерде салынған препараттың салдарынан «анафилактикалық шок» жағдайына түскен болуы мүмкін. Мұны экспертиза нәтижесі де анықтады. Өмір үшін күрескен Шекерұлын ішкі жетпеле арқылы ординатор бөлмесіне жеткізу тиімді. Ал жұмыстан тыс уақытта бұл жерде адам жүрмейді.

Қылмыскер марқұмды өз-өзіне қол жұмсағандай етіп көрсету үшін мойнына жіп салып, екінші ұшын төбеге бекіткен. Алайда оның назарынан тыс қалғаны – бөлме есігінің ашық болғаны. Ашық тұрған есікті кілтпен қалай кілттегенін өзі де аңғармай қалуы мүмкін. Дегенмен бұл жағдайға біржақты қарауға болмайды. Есікті медбике әдейі ашық қалдырып, кілтті кабинетте қалдыруы мүмкін деген жорамалды да жоққа шығаруға негіз жоқ. Абылай дереу жанына көмекшісін шақырып, кезекшілігін ауыстырған қызметкерді алдыртуын сұрады. Екі бірдей қылмысты қолымен жасаған тіс дәрігері екені анықталса, ауданда үлкен резонанс туындауы мүмкін. Бірақ бастысы бұл емес, қандықол қылмыскер арам пиғылын жалғастырмай тұрғанда оны тоқтату қажет. Тергеушіні мазалаған тағы бір сұрақ қылмыскердің сыбайласының бар-жоқтығы.

Көп ұзамай Қасымовтың жұбайы оның өлер алдында тісі ауырып мазалағанын, оның тіс дәрігеріне барғанын растады. Ақ халатты дәрігердің өз әріптестерінің жанын қиюға не себеп

болды? Бірінен кейін бірі жалғасқан жұмбақ өлімнің шешімі де көп ұзамай табылмақ.

\*\*\*

Тергеушінің алдында алғашқы жауап бергендердің бірі Мәжит сол күні өзінің не үшін Құралаймен кезекшілігін ауыстырғанын қайта баяндады.

– Самат (тіс дәрігері) – менің досым. Ұлының кіндік әкесі болғандықтан туған күніне кезекшілікті сылтау етіп бармай қалған ұят болар деп ойлады. Құралаймен алмасуды есіме салған да досым. Қонаққа шақырған адам өзі кешкі сағат 21.00 шамасында үйіне кешігіп келді. Бәріміз жұмыс-бастымыз, түсінуге болады енді...

– Оның көңіл-күйінен немесе түрінен ештеңе байқамадыңыз ба? – деді тергеуші.

– Өдеттегідей. Бірақ бір нәрсеге алаңдағандай, ұялы телефонына қайта-қайта үнілумен болды. Артық ештеңе байқамадым, – деді Мәжит танданып.

Қылмыскердің әрекетін әшкерелеу үшін нақты айғақ қажет еді. Абылай

ның жөн. Медбикенің өтірік айтқаны мен басында байқадым. Сырттан келген адамға ауыл адамдары алақандағыдай көрінеді емес пе? Алдымен емхана ұжымын бақылап зерттеу менің басты міндетім еді. Қылмыскерді ұстауға дайынсың ба? – деді Абылай лейтенантқа сын көзбен қарап.

Құралайдың кілтті кезекшіліктен алғанын әріптесінің көргенін тергеуші ешкімге айтпаған еді. Өтіріктің арты қай жерге апаратынын соңына дейін бақылауға алған Абылай, аурухана медбикесінің үнемі емхана бөлігінде жүретінін байқаған, ал соңғы рет тіс дәрігерінің кабинетінен шыққаны оның күдігін растады.

Өзіне тағылған айыпты мойындамаған медбике торға түскен шарасыз құстай шырғалдағанымен, тығырыққа тірелгенін сезді.

– Егер шынықтығыңызды айтсаңыз жазаңыз жеңілдейді, ал егер жасыратын болсаңыз, қылмыскердің сыбайласы ретінде жазаңыз ауырлайды. Абырой, жұмыс, жастық өміріңізді құрбан етуге дайынсың ба? – деген тергеушінің

әріптестеріңізді не үшін өлтіргеніңізді ашық айтыңыз.

Аденов Самат Қамбарұлы және Жүнісова Құралай оның сыбайласы ретінде тұтқынға алынды. Екеуінің арасындағы байланыстың бар екендігін медбике жоққа шығармады. Дәрігер қылмысын мойындап, не үшін мұндай әрекетке барғандығын тергеушілерге толық баяндады.

«Адам қатты ауырған кезде жанын қоярға жер таппайды, – деді ол күрсініп. – Қай жерің ауырса, жаның да сол жерде. Адаевтың басы жиі ауыратын. Ол жұмыс, қызмет деп денсаулығына немқұрайлы қарады. Әрбір ұстама кезінде қандай азап шегетінін менен артық ешкім білмейтін. Ақыры аурудың азабына шыдай алмай қалған кезде, наркотикалық заттарды қолдануды ұсынған мен едім. Бастапқыда ол үзілді-кесілді қарсы болды. Алғашында ауырсынуды басу үшін ғана қолданды. Кейін бірте-бірте морфинге тәуелді болды.

Көп ұзамай басының науқастарға арналған дәрілерді ұрлап жүргенін Қа-

**АҚ ХАЛАТТЫ АЖАЛ**



өз күдігінің бекер емес екенін іштей сезгенімен, жалаң күдікпен ештеңе дәлелдей алмайтынын жақсы білетін. Ол блокноттағы жазбаларын бір шөпше өтті де, ойына бір нәрсе түскендей, жанындағы лейтенантқа сұстана қарады.

– Осымен істі аяқтаймыз.

– Қалайша? Біз әлі қылмыскерді тапқан жоқпыз.

– Біз жалпы жағдайды көріп, негізгісің назарға алмадық. Сенің ойыңша, біз қай жерден қателік жібердік, – деді тергеуші алдында тұрған лейтенантқа.

Үнсіз қалған лейтенант сәл ойланғандай болды. Ол «білмеймін» деп айтпады. Тергеушінің ойын ұғуға тырысты.

– Шекерұлының денесін алғаш көрген – медбике. Біз медбикені назарға алмадық, күдікті ретінде қарамадық. Кілт ешқайда жоғалмады, кілтті ол кабинетте әдейі қалдырды.

– Ойыңды жалғастыр, – деді тергеуші лейтенанттың жүйрік ойына риза болғандай.

– Ол кабинеттен кеткен жоқ, ол бөгде адамдардың келмеуін бақылады. Қылмыскер ісін аяқтаған соң, мәйітті алғаш көрген адамдай шыңғырды. Кезекшілігімен ауысқан Мәжит болса да, оны солай жасауға итермеленген – қылмыскер. Барлығы жоспарлы түрде жүзеге асты.

– Бәрекелді, лейтенант. Ойыңмен неге ертерек бөліскің келмеді?

– Мен, сенімді болған жоқпын. Жәй ішкі түйсік деп қабылдадым.

– Сені алдамайтын ішкі түйсігің. Бірақ дәлел мен айғақты да ұмытпаға-

психологиялық қысымынан соң медбике көз жасына ерік берді.

– Мен ештеңе білмеймін, рас айтамын. Саматтың қылмысқа барғанына әлі сенбеймін. Ол менен ординатор бөлмесінің есігін ашық қалдыруды сұрады. Мен «неге?» деп сұрамадым. Екі сағаттан соң бөлмеге келгенімде есік кілтпен жабық болды. Мен оның не ойластырғанын білген емеспін, мен оның сыбайласы емеспін, – деп қыз ақтала берді.

Егер кілтті медбике кабинетте қалдырмаған болса, қылмыскер ординатор бөлмесінің есігін қалай жабады? Егер өзінде кілт болған жағдайда, Құралайдың көмегі не үшін қажет? Шекерұлының кілтті кабинетінде, орынбасар Әбілқасымқызының өз кілті қолында. Демек, медбике әлі шынығын айтқан жоқ. Бар кінәні екінші тарапқа жауып, өзін кінәсіз етіп көрсетуге тырысқанымен, өз өтірігінен өзі шатысып, ақыры шынықтық мойындауға тура келді.

\*\*\*

Тіс дәрігері тергеушілердің келгеніне аса мән бермеді. Керісінше, олардың келетінін алды ала білгендей, тым салқынқанды.

– Сіздердің не үшін келгендеріңізді білемін, – деді дәрігер. – Құралай аңқау да жасық медбике болмағанда, мүмкін менің құпиям әлі де ашылмай қалар ма еді.

– Сіздің құпияңыз ерте ме, кеш пе, бәрібір ашылатын еді, – деді тергеуші ашуын ерң тежеп. – Сондықтан өз қылмысыңызды басқа біреудің мойнына артудың қажеті жоқ. Одан да

сымов біліп қойды. Сол күннен бастап оны бопсалай бастады. Тиісті органдарға хабарлаймын деп қорқытып, барлық кезекшіліктерді, іссапарларды, қосымша төлемдері бар жұмыстарды өз атына жаздырды. Басшы амалсыз көнді. Өйткені шынықтық ашылуы оның мансабына ғана емес, бүкіл өміріне қауіп төндіретін еді. Дәрігер үшін бәсеңдетіп жалғастырды. «Бірақ Қасымов мұнымен тоқтаған жоқ. Ол енді басының орнын талап етті. «Өз еркімнен кетпесем, не істеп жүргенімді бүкіл елге жария етемін», – деп талап қойды.

Міне, дәл сол кезде Қасымовтан құтылудың амалын ойластыра бастадық. Әріптесімізді өлімге қимасақ та, оны бақылауда ұстау қиындай берді. Исламның арам ойына мені қалай ара-ластырып жібергенін өзім де аңғармай қалдым.

Ол маған бұл жерден абыроймен кеткісі келетінін айтты. «Сен менің ең сенімді серігімісің. Мен кеткен соң аурухананы сен басқарасың», – деді. Сол сөздерді естігенде өзімді маңызды адамдай сезіндім. Өзімді тіс дәрігері емес, басшы ретінде елестетіп, қиялға берілдім. Мен жолдан тайдым.

Көп ұзамай күткен онтайлы сәт те туды. Қасымов тісін емдетуге өзі келді. Оның жүрегі әлсіз екенін, есепте тұратынын жақсы білетінмін. Жергілікті анестезия лидокаинмен болса, мен «Бу-пивокаинды» мөлшерден тыс қолдандым. Оның жүрегі көтере алмайтынын біліп, кезекшілікке шықпай демалу керектігін айттым. Бәлкім өлімін жақындарына көрсеткісі келмеген болар, жазғы сарайында жан тапсырыпты.

Алайда негізгі мәселе содан кейін басталды. Бас дәрігер мырзаның аяқ асты ар-ұжданы оянып, жасаған қылмысын мойындаймын деп шешті. Өзіне жабысқан ауруы да, жасаған күнәлі істерімнен деп қайғырды. Менің оны тоқтатуға шамам келмеді. Егер ол барлығын мойындайтын болса, айыптың барлығы маған тағылатыны сөзсіз. Мен ұзақ ойланбадым, ойлануға да шамам жоқ еді. Ойлап тапқан ісімді сіз әшке-реледіңіз. Ол бәрібір ұзақ өмір сүрмес еді»...

Дәрігердің мойындауы хаттамаға түсірілді. Сыбайлас болғаны үшін медбике 5 жыл, екі бірдей адамның өмірін қиғаны үшін дәрігер 18 жыл бас бостандығынан айырылды.

Бұлтпен тілдескен биік мұнара – ауылдың еңсесін тіктеп тұрған қорғанды асқақ еді. Тергеуші ауыл шетіндегі қызыл шатырлы ауруханаға соңғы рет көз тастады да, көлігіне отырды. Ақ халат жамылған ажалдың енді ешкімнің тағдырын түнекке орамасына көміл сенгендей.

**Бақыт ЖАЛПЕВА**